

**Еуразия  
гуманитарлық  
институтының**

## **ХАБАРШЫСЫ**

Тоқсандық журнал  
2001 ж. шыға бастаған



## **2018 № 1 АСТАНА**

**ВЕСТНИК**

**Евразийского  
гуманитарного  
института**

Ежеквартальный журнал  
Основан в 2001 г.

**Редколлегия төрағасы**  
**А.К. Құсайынов, т.ғ.д., проф.**

**Бас редактор**

**А.Ж. Исмаилов, психол.ғ.к., проф.**

**Бас редактордың орынбасары**

**Қ.Ә. Ахметов, т.ғ.д., проф.**

**Жаупаты хатшы**

**Т.В. Кривошапова, ф.ғ.д., проф.**

**Редколлегия**

**Т.Қ. Айтқазин, филос.ғ.д., проф.**

**А.Ж. Аманбаев, т.ғ.к., доц.**

**В.В. Алексеев, т.ғ.к., доц.**

**(Ресей Федерациясы)**

**А.А. Арабаев, з.ғ.д., проф.**

**(Қыргыз Республикасы)**

**Қ.Ә. Әбішев, з.ғ.к., проф.**

**С.Б. Байзақов, з.ғ.д., проф.**

**Қ.Ж. Балтабаев, з.ғ.д., проф.**

**Х.Э. Боланьос, PhD, профессор (Испания)**

**Л.В. Волкова, п.ғ.к., доц.**

**Т.А. Дронзина, с.ғ.д., проф.**

**(Болгария Республикасы)**

**М.М. Жанпейісова, т.ғ.к., доц.**

**В.А. Жексембекова, с.ғ.д., проф.**

**М.Ы. Жүкібай, з.ғ.к., проф.**

**С.Б. Загатова, ф.ғ.к., проф.**

**О.В. Иншаков, з.ғ.д., профессор**

**(Ресей Федерациясы)**

**Ә.С. Исмаилова, з.ғ.к., доц.**

**А.Ш. Қадырбаев, т.ғ.д., проф.**

**(Ресей Федерациясы)**

**Б.Р. Кадыров, психол.ғ.д., профессор**

**(Өзбекстан Республикасы)**

**Ш.М. Қалanova, п.ғ.д., проф.**

**Д. Қамзабекұлы, ф.ғ.д., проф.**

**Е.В. Кодин, т.ғ.д., проф.**

**(Ресей Федерациясы)**

**Қ.А. Мамаділ, ф.ғ.к., доц.**

**Л.В. Пакуш, з.ғ.д., проф.**

**(Беларусь Республикасы)**

**В.Г. Рындак, п.ғ.д., проф.**

**(Ресей Федерациясы)**

**М.Н. Сарыбеков, п.ғ.д., проф.**

**Б.С. Сарсекеев, п.ғ.д., проф.**

**Л.Ч. Сыдыкова, з.ғ.д., проф.**

**(Қыргыз Республикасы)**

**Р.Н. Юрченко, з.ғ.д., проф.**



## МАЗМУНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ТАРИХ

<b>Коскеева Э.М., Дуkenбаева З.О.</b> ХХ ғасырдың 60-90 жылдарындағы Қазақстандағы білім және	5
ФЫЛЫМ.....	
<b>Байтуреева К.А., Өтен Г.Ж.</b> Таулы Карабах қақтығысын реттеу мәселелері.....	10
<b>Ильясова К.М., Ильясов Д.М.</b> Астана қаласының құрылу тарихы.....	16
<b>Сулейменова Г.Б.</b> Терроризм как способ достижения политических целей: история и теория явления....	24

### ЭКОНОМИКА

<b>Азылканова С.А., Тажбенова Г.Д.,</b> К вопросу о повышении эффективности деятельности	
Денисова О.В.	
молокоперерабатывающих предприятий в Казахстане	
в современных условиях.....	31

### ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

<b>Сарсекеев Б.С.</b> Учебник «История Казахстана» 5 класса.....	38
<b>Бойко Е.В., Оспанова Я.Н.</b> Возможности инклюзивного образования в активизации познавательной	
Сальдаева О.В.	
деятельности подростка с расстройством аутистического спектра.....	44
<b>Volkova L.V., Ospanova Ya.N.</b> Influence of the linguistic personality of a teacher on forming	
communicative competence of pupils in teaching them the English language	
in the system of secondary pedagogical education.....	49
<b>Жилбаев Ж.О., Жакупов А.А.</b> , Влияние критериального оценивания учебных достижений	
Хасенова Б.К.	
учащихся на их личностное развитие.....	53
<b>Изакова А.Т., Бухарова А.Б.,</b> Содержание сквозного вопроса «Профилактика подросткового	
<b>Валиева А.Б., Урузбаева Г.Т.</b> суицида» на занятиях по дисциплинам специальности «Педагогика и	
психология».....	58
<b>Менлибекова Г.Ж., Исмаилова Г.М.</b> К вопросу о социальной компетенции будущего педагога-	
психолога.....	67
<b>Жумадуллаева А.А., Данияров Т.Ә.</b> Мектеп жасына дейінгі балалардың үлттық құндылықтарын	
қалыптастырудың көркемсөздің маңызы.....	72
<b>Искаков Е.М., Радзицкая Я.И.</b> Проблема оценки результатов воспитания личности: историко-	
педагогический аспект.....	77
<b>Абильдина С.К., Аяпбергенова Г.С.</b> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау	
ерекшеліктері.....	82
<b>Марчибаева У.С., Ташкеев Д.С.,</b> Языковая практика в профессиональной подготовке будущих	
Куланова К.К.	
специалистов по физической культуре.....	88
<b>Турманова Ж.Е.</b> Ғылыми-зерттеу жұмысын жазу барысындағы академиялық шынайылықты	
жетілдіру тәсілдері.....	93
<b>Болатбекова Н.Ж.</b> Жоғары оқу орындарында академиялық адалдықты сактаудың аспектілері.....	98
<b>Културсынова Ф.Б.</b> Формирование поликультурной личности при обучении русскому языку в ВУЗЕ...	102

### ФИЛОЛОГИЯ

<b>Байтанаева Қ.М.</b> Лирикадағы пейзаждың қызметі .....	108
<b>Джакыпбекова М.Т.</b> Қ.Бекхожиннің «Жырыма сегіз» поэмысындағы көркем сөз қуаты.....	113
<b>Хамирова А.Х.</b> Процесс фразеологизации в языке современных СМИ.....	118
<b>Садықбеков Қ.А.</b> Мәмлүк қыпшак тілінде белгісіз өткен шақ қосымшаларының дамуы тарихы.....	123
<b>Токсанова С.К.</b> Прагматические и стилистические функции фразеологизмов на страницах газеты.....	129
<b>Бердалиева Р.Ш.</b> О жестово-мимической системе русского и казахского языков.....	134
<b>Абдрахманова А.Е.</b> Қазіргі казақ ақындарының сөз колданымы.....	140
<b>Муминов С.О.</b> О типах художественной антропологии в русской прозе.....	149
<b>Шақаман Ү.Б.</b> Конверсияның зерттелуі.....	155
<b>Әбутәліп О., Слямбеков Қ.Б.</b> Космонимдер: құнтізбе жүйесіне тән ұғымдар мен оның мәдени-	
шарттылық сипаттамасы.....	161



<b>Ахметова Б.З., Калиев Б.Н.</b> Из истории русских говоров Костанайской области.....	166
<b>Саурбаев Р.Ж., Амренов А.Д.,</b> О связи синонимики и парадигматики на синтаксическом уровне	
<b>Омаров Н.Р.</b> (на материале современного английского языка).....	172
<b>Толбаева Д.Е., Нургали К.Р.</b> Концептосфера Л.Н. Толстого и ее влияние на творчество М.О. Ауэзова (на примере рассказа «Красавица в трауре»).....	179
<b>Саурбаев Р.Ж., Амренов А.Д.,</b> Основные критерии синонимичности синтаксических конструкций.....	
<b>Омаров Н.Р.</b> .....	184
<b>Сейсембай Т.</b> Мағжан Жұмабаев шығармашылығын кезеңдерге бөлудің ғылыми тәжірибелері.....	191
<b>Кулуспаева С.Б.</b> Основные функции компьютерного жаргона.....	197
<b>Жиеналина Б.Т.</b> Компьютерная лексика в современном обществе.....	202
<b>Beisenbayeva L.</b> Determining Scientific Inquiry Competence Perception of Post-Graduate Students in Kazakhstan.....	207
<b>Дускенова Д.О.</b> К вопросу формирования топонимов Костанайской области.....	211
<b>Амангелді А.А., Бекен Қ.М.</b> Поэтикалық мәтінге тән көріктеу құралдарының тарихи жырлардағы қолданысы.....	216

---

*Жарияланған материалдар автордың қозқарасын білдіреді, олар журналдың Редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.*

*Публикуемые материалы отражают точку зрения авторов, которая может не совпадать с мнением Редакционной коллегии журнала. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи не рецензируются и не возвращаются.*



**Tapux**



### Аннотация

Мақалада кеңестік кезеңдегі, атап айқанда, XX ғасырдың II жартысындағы Қазақстандағы ғылым мен білім мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, сол кезеңдегі ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы, қаладағы студент жастардың және жалпы ой еңбегімен айналысатын ғалымдардың сан жағынан өсуі қазақ зиялышарының жанкешті еңбектерінің негізі түрғысынан тұжырымдалады. Ұлт ғылыминың аталған жылдары әлеуметтік-кәсіби биік сатыға көтерілген ғылыми түрғыда сараланып, талданады.

*Түйін сөздер:* ұлт зиялышары, ғылым, білім, тоталитаризм, ұлттық сана.

### Ә.М. Қоскеева

Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
PhD докторанты

### З.О. Дүкенбаева

Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
тар. ғыл. д-ры, профессор

## XX ғасырдың 60-90 жылдарындағы Қазақстандағы білім және ғылым

Қазақстанның тәуелсіз дамуы уақыт өткен сайын қарқын алғып, ұлттық жаңғыруға жаңа ұстанымдар негізінде бағыт алуда. Қазіргі жаһандану уақытында гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық ғылымдардың сансаласында да түбірлі оң өзгерістер пайда болуда. Осы мақаламыздың негізгі арқауы - кеңестік кезеңдегі, XX ғасырдың 60-90 жылдарындағы Қазақстанның білімі мен ғылымы. Осы кезең аралығында қазақтың ғылыми интеллигенциясының өсу қарқыны шығармашылық интеллигенцияның өзге өкілдеріне қарағанда біршама артық болды және жыл өткен сайын үнемі өсіп отырды. Осындай түбірлі өзгерістер тарих ғылыминың әлеуметтік қызметіне де зор ықпалын тигізді. Осыған байланысты Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Тарих дегеніміз өткеннің ғана сабағы емес, ол едәуір дәрежеде болашақтың көрінісі» [1] - деп пайымдады. Осы жылдары ұлттық интеллигенция өкілдері ғылымға қазақ қоғамына жалпы адамзатқа тән рухани құндылықтарды енгізуінде басты құралдарының бірі ретінде қарады. Ғылым мен білім адамгершілікке қызмет етеді деп сенді. Қазақ ішіндегі көртартпа мінездерді жоюға септігін тигізеді деп санады. Ғасыр басындағы ағартушылардың ізбасарлары өздерінің көпшіліктің көзін ашуға бағытталған шығармаларын ұлттық



келбетіне оң сипат беріп өзгертетін қуатты күш, жарық шашудың құралы ретінде қолданды. Оқуға, білімге шақыру тек сауатынды аш дегенге телінбей, өнер мен ғылымды игер деген ұлағатпен қатар насиҳатталды. Білім мен ғылымды қазақ зиялышары ұлт санасын оятудың жолы әрі мақсаты деп білді [2, 120].

Белгілі ғалым Х.М. Әбжанов айтқандай, «Қазақ интеллигенциясының қалыптасуы 60-70 жылдар тоғызында аяқталды. Бұл кезеңде олар қазақ халқының және ой еңбегімен айналысадындардың құрамындағы тұлғалы қауымды құрай отырып, барлық салада лайықты жұмыс істеді. 1970 жылы санақ мәліметі бойынша, әрбір төртінші қазақ интеллигенция функциясын атқарды» [3, 79]. Бұл одактас республикалар бойынша жоғарғы көрсеткіштердің бірі еді. Бұрын қазақ интеллигенциясының негізгі бөлігі практик болатын, яғни кәсіби білімі болмаса да маман қызметтін атқаратын. 70-ші жылдардың басында ұлттық интеллигенцияның жартысынан көбінде кәсіби білім болды. Ұлттық инженерлік-техникалық интеллигенцияның (40,6 мың), жоспарлау және есеп қызметкерлерінің (55,7 мың), медицина интеллигенциясының (23 мың) үлкен топтары түзілді. Халық шаруашылығында жұмыс істейтін жоғары және орта арнайы білімі бар қазақтар саны 173 мыңға жетті. Шамамен, сонша қазақ жастары республиканың жоғары оқу орындары мен техникумдарында оқып жатты. 1970 жылы ой еңбегі саласында 313 мың қазақ жүрді [4, 30].

70-80 жылдары студент қазақ жастарының сан жағынан өсуі мен үлес салмағының арту тенденциясы сақталды. Бұған КОКП ОК қабылдаған «Қазақ республикалық партия үйімінің еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы» (1987 ж.) [5, 2-7-п.п.] қаулысында айтылғандай, қазақ ұлтшылдығы, протекционизм, жоғары оқу орны мен техникумдарға түсерде жергілікті ұлт жастарына жеңілдіктер беру емес, басқа объективті себептер негіз болды. Қазақстан студент жастарының ұлттық құрамы ең алдымен республикадағы әр этностың әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық таңдау ерекшеліктерімен анықталды. Атап айттар болсақ, орыстарға, басқа этностарға қарағанда, қазақ жастары жоғары білім алуды биік мұрат тұтты. Мұның сыртында қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының айырмашылығы тенеле бастағанын, талапкерлер қатарындағы орыс жастарының азайғанын естен шығармау керек. Осылайша, кеңестік тоталитаризм жағдайында интеллигенцияның қалыптасуына жарты ғасыр уақыт қажет болды. Қазақ зиялышары мен мамандарының, білімі мен ғылымының 70-жылдар басына қарай әлеуметтік-кәсіби биік сатыға көтерілгенін ұлттық энциклопедияларды шығаруға кіріскеңінен байқауға болады. Кеңес дәүрінің соңғы 20 жылында үлт істі сәтімен алға бастыруда М. Қаратаев, М. Қозыбаев, Р. Нұрғалиев зор үйімдастырушылық қабілет пен табандылық танытты. Сол тұста С. Ақатаев, М. Әуезов, С. Қасқабасов, М. Мағаун, А. Сейдімбеков, Е. Тұрсынов сынды талантты ғалымдардың жаңа толқыны дәстүрлі қазақ мәдениетінің тарихи-әдеби негіздері мен алғышарттары ежелгі дәуірлерге барып тірелетінін дәйектеу арқылы ұлт зиялышарының қатарына тегеурінді де тың күштердің келгенін айғақтады [3, 80].

Бірақ кеңестік тоталитаризм интеллигенцияның табиғаты мен мәнін дұрыс бағалай алмады. Шыңғыс Айтматов дөп басып айтқандай, ол «партияның қолбаласы» мәртебесімен қала берді. Егер 20-30 жылдары саяси құғын-сүргін Қазақстандағы мындаған ой еңбегі адамдарының өмірін алып кетсе, соғыстан кейінгі жарты ғасырдан аса уақыт бойына ұлт зиялышарының басқан ізін анду, көне әдеби мұраларды саяси-идеялық тұрғыдан жаратпай тастау, тәуелсіздік пен еркін ойдың нышанына айналған тарихи тұлғаларды қүйелеу тоқтамады. 40-50-жылдары қазақ ауыз әдебиетінің құнды туындылары партия шешімімен қоғамға зиянды деп танылып, оларды пайдалануға тыйым салынды.

II дүниежүзілік соғыс жылдары ҚазССР Ғылым академиясын ұйымдастыру үшін қолға алынған іс-шаралар 1946 жылы сәтімен жүзеге асты. Оған КСРО Халкомкеңесінің 1945 жылы 26 қазанды қабылданған «ҚазССР Ғылым академиясын ұйымдастыру туралы»

қаулысы, ҚазССР Жоғарғы кеңесі президиумының, ҚазССР Министрлер кеңесі мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1946 жылы 31 мамырда қабылданған «Қазақ ССР Ғылым академиясын құру туралы» қаулысы пәрменді ықпал етті. 1946 жылғы 1 маусымда ҚазССР Ғылым академиясының салтанатты ашылу рәсімі өтті. 3 маусымда ҚазССР Ғылым академиясы жалпы жиналысының бірінші мәжілісі шақырылды. Үкімет шешімімен Республика Ғылым академиясының алғашқы құрылтайшылары болып аса ірі 30 ғалым мен ғылым басшылары бекітілді [6, 61]. ҚазССР Ғылым академиясының толық мүшелері (академиктер) құрамында жазушы М. Әуезов, химик К. Бектұров, биолог И.Г. Галузо, өнертанушы А. Жұбанов, геолог Н.Г. Кассин, түркітанушы Н. Сауранбаев, астроном Г.А. Тихов, мүше-корреспонденттер қатарында физиолог Н. Базанова, тарихшы Ә. Марғұлан, дәрігер А.Н. Полосухин бар еді. Академиктердің ішіндегі ең кішісі Н. Сауранбаев 36 жаста болса, ең үлкені Г.А. Тихов 71-ден асып кеткен ақсақал болатын [7, 329]. ҚазССР Ғылым академиясының тұнғыш президенті болып ғұлама ғалым Қ. Сәтбаев сайланды. Ғалымдар ортасындағы дәстүр бойынша, ҚазССР Ғылым академиясы жалпы жиналысының бірінші мәжілісін жасы үлкен ақсақал, академик Г.А. Тихов ашты [8].

Жаңа ғылым ошағы дүниеге келген сол бір сәтте оның тұнғыш президенті академик Қ. Сәтбаев алдағы міндеттер мен болашаққа шолу жасай келе, былай деген екен: «Қазақстанда ғылымның алдына республикамызының неше алуан және мейлінше мол жаратылыс байлықтарының бәрін мұнан былай да тездетіп зерттеуге, бұл байлықтарды халық шаруашылығының қажетіне асырудың негұрлым тыңғыштықты әдістерін белгілеуге, сол сияқты еліміздің социалистік экономикасы мен мәдениетінің жалпы өркендеуіне байланысты зор тарихи міндеттер қойылып отыр» [9, 197].

ҚазССР Ғылым академиясы қысқа мерзімде ғылыми ой-сананың ірі орталығына айналды. Ғылым академиясының біраз жаңалықтары әлемдік деңгейге сай келді. Мысалы, Қ. Сәтбаевтың жетекшілігімен геология институтындағы бір топ ғалымдар Кеңестер Одағында тұнғыш рет Орталық Қазақстанның болжам – металлогендік картасын жасап шықты, нәтижесінде түсті, қара, сирек металдардың ірі кен орындары ашылды әрі өнеркәсіптік тұрғыдан дұрыс бағаланды [6, 63].

Қоғамтанушы ғалымдардың ірі табысы ретінде әл-Фарабидің, Ш. Уәлихановтың, А. Құнанбаевтың, Ы. Алтынсариннің, Ж. Жабаевтың мұраларын зерттеу мен жарыққа шығаруды айтуға болады. 6 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», 5 томдық «ҚазССР тарихы», 3 томдық «ҚазССР мемлекеті мен құқықтарының тарихы», 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», диалектикалық логиканың өзекті мәселелері бойынша философтардың жарияланымдары қалың қөшіліктің жоғары бағасына ие болды, ҚазССР ҒА-сы қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғалымдары 80-ші жылдардың екінші жартысында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру жолында, халықтың тарихи санасындағы «ақтаңдақтарды» жоюға, А. Байтұрсынов, Ә. Бекейханов, М. Дулатов, Х. Досмұхamedов, М. Тынышпаев, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев тәрізді тұлғаларды ақтау ісіне, ұлт-азаттық қозғалысы, ұжымдастыру, 1931-1933 жылғы аштық, сталиндік құғын-сүргін, дәстүрлі қазақ мәдениеті, зиялыштар тарихына қатысты жаңа зерттеулер жазуға айтарлықтай мол үлес қости [6, 65].

Дегенмен, тоталитаризм ережелері үстемдік құрған тар кезеңде Қазақстан ғылымының жасампаз құші мен мүмкіндіктері толық ашылды деуге болмайды. XX ғасырдың 40-50 жылдар межесінде биология, медицина, аграрлық саладағы ғалымдардың үлкен тобы вейсманизм-морганизм ілімін дәріптеді, антиғылыми және буржуазиялық теорияны қолдады, Мичурин мен Лысенконың материалистік биология жайлары қағидаларын ескерmedі деген айыптауға үшінады. Шындығына келгенде, биология, генетика, топырақтану, медицина ғылымының бірнеше өміршеш салаларының алға басуына лысенкошылдық зиянын тигізді. Сол жылдары канат жайған буржуазиялық ұлтшылдықпен құрес науқанының қысымымен М. Әуезов, А. Жұбанов тәрізді ғалымдар республикадан тыскары кетуге мәжбүр болса, тарихшы Б. Сүлейменов, филолог С.



Кеңесбаев, фольклоршы К. Коңыратбаев, т.б. жұмыстан қуылды. «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» монографиясының авторы профессор Е. Бекмаханов буржуазияшыл-ұлттыл идеологияны насиҳаттады, реакционер сұлтандарды, хандарды дәріптеді деген айыптаумен 25 жыл мерзімге сottалды. 1951 жылы Қ.И. Сәтбаев ҚазССР Ғылым академиясының президенті қызметінен босатылды. 1948-1952 жылдары ұзын-ырғасы 200-ден астам ғалым саяси сенімсіз немесе Қ. Сәтбаевтың жақыны деген айыптаумен Ғылым академиясынан қуылды [10, 32]. Партия аппараттарының қойнауында туған «Кемелденген социалистік қоғам», «Адамдардың тарихи жаңа қауымдастыры», «Капитализм әлемінің дағдарысы», «КСРО-да әлеуметтік біртекtileліктің қалыптасуы», «Социалистік ұлттардың гүлденуі мен жақындауы» сияқты жалған тұжырымдамалар қоғамдық ғылымдарды тығырыққа тіреді, есесіне ғылыми ой-сананың тоқырауға ұшырағанын жаба тоқу үшін партия съездері мен пленумдарының шешімдері, бас хатшының сөздері құрандай дәріптелді. Ресми идеологияның шеңберінен шығып кеткен немесе Орталықтың байламы мен тұжырымдарына күдік келтіретін зерттеулер берісі – бас көтертпейтін сынға ұшырады, әрісі – жойылды. Ал олардың авторлары саяси тұрғыдан сенуге болмайтын адамдар қатарына енгізілді. 70-ші жылдары М. Қозыбаев пен З.А. Голиковының «Золотой фонд партии», О. Сүлейменовтың «Азия», О. Исмағұловтың «Этническая антропология Казахстана», Ф. Сапарғалиев пен М. Дүйсеновтың «Социологическая мысль в Казахстане в конце XIX начале XX веков» монографиясы осындай тәлкекке ұшырады [11, 20].

Алайда 1950-60-шы жылдары төмендегідей жинақтардың – «Материалы по казахскому обычному праву» (1948) [12], «Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв.» [13], «Материалы по истории политического строя Казахстана» (А., 1960), «Казахско-русские отношения. Сборник материалов и документов» (А., 1961, 1964) [14] – дайындалуы және шығуы жай факт емес, ол қазақ халқының ұлттық санасының нығаюын және атаптап кезеңдерді маңызды ғылыми еңбектермен әрдайым бекітуге тырысатының дәлелдейді.

Социалистік құрылыштың соңғы он жылында ғылыми зерттеулердің тиімділігінің әлсірегені және ғылыми интеллигенция тобының жасы ұлғайғаны көзге түсті. Айталақ, 1985 жылы өндіріске енгізілген ғылыми жаңалық тиімділігі 1980-ші жылмен салыстырғанда 2 есеге төмендеп кетіпті. ҚазССР Ғылым академиясы алға тартқан 76 ұсыныстың 5-і 1986 жылғы мемлекеттік жоспарға 5-і, министрліктер мен ведомстволардың жоспарына 9-ыға таңдауда енген еді [15, 264]. Қазақ тілі ғылымда жұмыс істеуден қалды.

90-шы жылдардың қарсаңында Қазақстандағы 41,3 мың ғылыми қызметкердің 928-ғана, яғни 2,2%-ы ғылыми дәрежеге ие болса, ғылым кандидаттарының үлесі 35,3% дәрежесінде қалды. Әсіресе жастардан шыққан ғылым докторларының саны мейлінше аз еді. 40 жасқа дейінгі ғылым докторларының үлесі 1%-ға жетпеді. 35 жасқа дейінгі ғылым кандидаттарының саны 10%-дан төмен еді. Ғылым докторларының арасында саны көптер 51-60 жастағылар (45,0%), ғылым кандидаттарының арасында 41-50 жастағылар (41,8%) болды. Тау-кен институты, топырақтану, зоология, физиология, тіл білімі, әдебиет және өнер, тіл білімі институттарында ғылым докторының орташа жас шамасы алпыс және одан да жоғары болатын. ҚазССР Ғылым академиясының толық мүшелерінің орташа жасы 1969 жылы 57,3 жас болса, 1970 жылы 63,6, 1980 жылы 64,1, ал 1989 жылы академиктердің орташа жасы 64,7 жасқа жетіпті [6, 68]. Жекелеген тұлғалы ғалымдардың еңбегі адаптацияланбады. Академик Ш. Есеновтің Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті, академик Е. Букетовтің Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметінен босатылуы әділдікті белден басудың нақ өзі еді.

Қазақстан ғылымының осындай және басқа да шешілмеген қындықтары қоғамдық қатынастардағы керекарлықтан, тоталитарлық өктемділіктен, ғылыми саясаттағы субъективизмнен туындаған еді.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
- 2 Дүкенбаева З.О. XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы ұлт зиялышары. Павлодар: ПМПИ, 2014. – 240 б.
- 3 Әбжанов Х., Кенжебаев Ф. Тәуелсіз Қазақстан: Жоғары білім, ғылым, саясат. – Алматы: «Баспалар үйі», 2009. – 312 б.
- 4 Нарибаев К.Н. Проблемы реформирования высшего образования в Казахстане в условиях глобализации. – Алматы: ИЭ МОН РК, 2007. – 30 с.
- 5 ҚР ПМ 708-қ., 139-т., 1684-и.с., 2-7 п.п.
- 6 Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих тұлға теория. – Алматы, 2004. – 344 б.
- 7 Национальная академия наук Республики Казахстан. Энциклопедический справочник. - А., 1996. - 358 б.
- 8 Казахстанская правда. - 1946. - 4 июня.
- 9 Сатпаев К.И. Избранные статьи о науке и культуре. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 440 с.
- 10 Чокин Ш.Ч. Путь Национальной академии наук (воспоминания и размышления) - Алматы: Гылым, 1996. - 256 с.
- 11 Академик Манаш Қозыбаев. - Алматы: Атамұра, Мерейтолық жинақ. - 2001. - 240 б.
- 12 Материалы по казахскому обычному праву. Сборник документов. Под общей редакцией и с предисловием члена АН КазССР С.В. Юшкова. Составители: Научные сотрудники Сектора права АН Каз ССР Т.М. Культелеев, М.Т. Масевич, Г.Б. Шакаев. - Алматы: «АН КазССР», 1948. - 360 с.
- 13 Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечение из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Ответственный редактор д.и.н. Б. Сулейменов. - А-А.: Изд-во «Наука» КазССР, 1969.
- 14 Казахско-русские отношения в XVII-XVIII веках: сборник документов и материалов / Академия наук Казахской ССР. - Алма-Ата, 1961. - 746 с.
- 15 XVI съезд Коммунистической партии Казахстана (6-8 февр. 1986 г.): стеногр. отчет. - Алма-Ата: Казахстан, 1986. - 395 с.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены проблемы науки и образования в Казахстане в советский период, а именно во II половине XX века.

## RESUME

The article deals with the problems of science and education in Kazakhstan during the Soviet period, namely in the 2<sup>nd</sup> half of the twentieth century.



### **Аннотация**

Мақалада Таулы Карабах қақтығысын реттеу мәселелері қарастырылады. БҰҰ және ЕҚЫҰ Таулы Карабах қақтығысын реттеу бойынша делдалдық қызметтері және ұстанымдарына талдау жасалынады. Аймақтағы Ресей және АҚШ геосаяси мүдделеріне зерттеу жасалынады.

*Түйін сөздер:* Таулы Карабах, қақтығыс, реттеу, территориялық тұтастық, мәртебе.

### **К.А. Байтуреева**

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, тар. ғыл. канд., доцент

### **Г.Ж. Отен**

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы, тар. ғыл. канд.

## **Таулы Карабах қақтығысын реттеу мәселелері**

Қазіргі таңдағы Армения және Әзіrbайжан елдері арасындағы қарулы қақтығысты тудырып отырған Таулы Карабах мәселесі өзінің бастауын XX ғасырдың басынан алады. Ресей империясы тарағаннан кейін Таулы Карабах аймағы Әзіrbайжан демократиялық республикасының құрамына кірген.

1918 жылдың шілде айында Карабах, өзіндік үкіметі бар, дербес әкімшілік бірлестік ретінде құрылады.

Екі жылдан кейін аймақ Әзіrbайжан ССР-і құрамына енген. 1988 жылы 13 ақпанда Таулы Карабах армяндары Таулы Карабах автономиялық облысын Әзіrbайжан құрамынан шығуын жарияладап, Арменияға қосылуын талап еткен еді. 20 ақпан күні Таулы Карабах автономиялық облысының халық депутаттар Кеңесінің мүшелері Таулы Карабахтың Армения құрамына өтуін жақтап дауыс берген.

1990 жылы Армениядан келген Әзіrbайжан ұлтынан шыққан босқындар Бакуде тұратын армяндарға қысым көрсетіп, елден кетуіне мәжбүрлекен. Кейіннен Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін 1991 жылы Таулы Карабах тәуелсіз республика ретінде жарияланды.

Әзіrbайжан тарапы бұл қадамды заңсыз деп танып, автономияны таратты. Мұның нәтижесінде қарулы қақтығыс орын алды.

Таулы Карабах мәселесі сарапашылардың пікірінше, Еуразия кеңістігіндегі үлкен геосаяси түйін.

Ол Кавказдың аймақтық қауіпсіздігі мен тұрақтылығына кері ықпалын жасайтын қауіпті



фактор [1, 450]. 1988 жылда басталған Одақ ішіндегі екі ел арасындағы қақтығыс, КСРО күйреуінен кейін халықаралық қақтығысқа айналды.

Бірінші кезеңде оны ішкі шаралар арқылы реттеу мүмкіндігі болса, ал 1991 жылдан кейін Армения және Әзіrbайжанның халықаралық құқықтың субъектілеріне айналуына және БҮҮ, ЕҚЫҰ сияқты халықаралық ұйымдардың мүшелігіне өтуіне байланысты бұл мәселе БҮҮ және ЕҚЫҰ міндеттеріне айналды.

Таулы Карабах мәселесін шешудегі алғашқы талпыныс 1991 жылы Ресей Федерациясының президенті Б. Ельцин және Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев тарарапынан жасалған.

Бұл мәселеде екі ел президенті: қақтығысты тоқтату, жаңа сайлау өткізу, босқындарды қайтару және Таулы Карабахта мемлекет құру туралы ұсыныстарды қарастырған.

1992 жылдан бастап Таулы Карабах қақтығысын шешу ісіне халықаралық ұйымдар да басты назар аудара бастады. Посткенестік кеңістік мемлекеттері ЕҚЫҰ мүшелікке өткеннен кейін, аталмыш үйим шенберінде Минск тобы атты қақтығысты реттеу бойынша шаралар жасалынды. ЕҚЫҰ 1992 жылы 24 наурыздағы Хельсинкідегі Министрлер Кеңесінің мәжілісінде, Минск қаласында ЕҚЫҰ бастамасымен Таулы Карабах бойынша конференция шақырылу үйғарылды [2, 188].

1992 жылы 8 мамыр күні Армения әскери күштері Таулы Карабахты басып алған 50 мың этникалық әзіrbайбайжандықтарды ауданнан кетірді. 1992 жылдың 15 мамыр күні Арменияны Таулы Карабахпен жалғастыратын жол өтетін Лачин ауданын жаулап алған.

Осы мәселелерге қатысты бірнеше кезеңдерді қамтыған келіссөз 1992 жылы 31 мамыр айында Рим қаласында өтті. Келіссөздің бірінші кезеңінде әскери топтарды Лачин мен Шушиден шығаруды қарастырған және босқындарды қайтаруға кепілдік берген құжат дайындалған. 1992 жылдың қыркүйек айына дейін келіссөздің төрт раунды өткенімен нәтижелері жемісін бермеді [2, 189].

Рим келіссөзінен кейін 1993 жылы 23 қыркүйек күні Париж қаласында, 1993 жылы 12 қараша күні Венада қарулы қақтығысты реттеу бойынша тараптарға жаңа шарттар мен талаптар койылды. Дегенмен, Армения 1993 жылы Әзіrbайжанның Таулы Карабахтан тыс жатқан алты ауданын басып алды.

Ал, 1994 жылды Армения қарулы күштері Таулы Карабахты толықтай басып алады.

Тек қана 1994 жылдың мамыр айында Ресейдің және Минск тобының қатысуымен қақтығысты тоқтатуға қол жеткізілді.

Бұл мәселе БҮҮ Қауіпсіздік Кеңесінде де көтеріліп, № 822, 853, 874, 884 резолюциялар қабылданып, бұл бойынша армян күштерінің Әзіrbайжан территориясынан алып кетілуі талап етілді.

2008 жылдың 14 наурыз айында БҮҮ Бас Ассамблеясы «Әзіrbайжанның басып алынған территорияларындағы жағдай туралы» Резолюциясын қабылдады. Бұл құжатта: армян күштерінің Әзіrbайжан Республикасының басып алынған территорияларынан алып кетілуі талап етілді [3, 358].

Осыдан кейін 2008 жылдың 2 қарашасында Ресей, Әзіrbайжан және Армения президенттері Майендорф декларациясына қол қойды.

Келесі кезеңдерде Таулы Карабах мәселесіне қатысты 2011 жылы маусымда Қазанда, 2010 жылы қазан айында Астраханьда, 2010 жылы шілде айында Санкт-Петербургте, 2010 жылы наурыз айында Сочиде өткен кездесулер де жемісті нәтижесін бермеді. Баку және Ереван арасында келісімге қол жеткізілмеді.

2009 жылы карабах қақтығысын реттеу бойынша «Мадрид принциптері» жариялаған. Ол бойынша Таулы Карабах аумағындағы территориялардың Әзіrbайжан қарамағына өтуі қарастырылған.

Сонымен қатар, «Мадрид принциптеріне» сәйкес, территорияға аралық мэртебе беріліп, бейбіт түрде мәселенің шешілімі қарастырылған. 2010 жылы 10 маусымда РФ



президенті Д. Медведев, АҚШ президенті Б. Обама, Франция президенті Н. Саркози Канаданың Мускока қаласында бұл принциптерді қайта көтерген еді.

Дегенмен, Карабах қақтығысы әлі күнге дейін шешімін таптай отырған, Еуразия геосаяси кеңістігіндегі қауіпті қақтығыстардың қатарындағы мәселе болып келеді. 2014 жылы 31 шілдеде армян-әзіrbайжан шекарасында екі ел әскерилерінің арасында қарулы қақтығыс орын алған. Осы қақтығыс 2016 жылдың сәуір айында қайтадан орын алды.

Бейбітшілік толық орнамаған, қақтығыс өршіп кетуі мүмкін жағдай бірқатар геосаяси мазмұннан да туындауы мүмкін. Атап айтқанда, бұған бірқатар факторлар мүдделі де болуы мүмкін:

1. Екі елдің сайлау алдындағы көтеретін ұлттық мәселесі ретінде саяси партиялар.
2. Корпоративті топтар мүдделері.
3. Кавказдағы ірі халықаралық геосаяси факторлар.
4. Кавказдың шикізат қорларына, инфрақұрылымдарына және көлік маршруттарына көз тіккен трансұлттық корпорациялар.

Территориялық талас ретінде қарастырылатын, дегенмен, этникалық қақтығыстарды да тудырып отырған мәселенің өршіп кетуіне екі фактор ықпал етуі мүмкін. Біріншіден, ішкі фактор, екіншіден, сыртқы факторлар.

Сонымен қатар қазіргі таңда бұл этникалық–территориялық қақтығысты геосаяси кеңстікегі мүдделер қақтығысы ретінде қарастыру қажет.

Мұның басты себебі аталған аудан маңызды сауда жолдарының және энергетикалық қорлардың тасымалдану жолдарының торабында орналасуы.

Ішкі факторларға екі елдің этникалық-діни өзгешеліктері, әлеуметтік-саяси даму деңгейі арасындағы алшақтықтар және Карабах мәселесіне қатысты саяси ұстанымдардың өзгешеліктерін жатқызуға болады.

Карабах мәселесі Әзіrbайжан үшін өмірлік маңызы бар мәселелердің қатарына енеді. Әзіrbайжан ұстанымы тұрғысынан, елдің территориясының 20 пайызын құрайтын, 1992-1994 жылдардағы әскери қымылдар нәтижесінде өзіне тиесілі Лачин, Келбаджар, Агdam, Физули, Джебраиль, Губадлы және Зангилан территорияларын жоғалтқан. Әзіrbайжан елі осы территорияларды қайтадан алуды көздейді.

Бұл елдің ұлттық сана-сезіміне де байланысты туындейтын мәселе. Карабах қақтығысы Әзіrbайжан елінің ішкі және сыртқы саясатының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Ең маңыздысы, бұл елдің энергетикалық саясатына да ықпал етуші фактор.

Армения ұстанымы тұрғысынан қарастырсақ, этникалық армяндар мекендейтін Әзіrbайжандағы Карабах және Нахичевань, Грузиядағы Джавахетия ауданы, Түркиядағы Карс ауданы аумақтарына қатысты Арменияның өз есебі бар. Карабах мәселесінің аспектілері Арменияның барлық саяси партияларының идеологиялық тұғырнамасы ретінде қарастырылады.

Арменияның барлық президенттері Левон Тер-Петросян, Роберт Кочарян, Серж Саргсян өздерінің саясатында Карабах мәселесін басты назарда ұстаған. Арменияның бірінші президенті Левон Тер – Петросянның 1998 жылы отставкаға кетуінің басты себебі де осы карабах мәселесі, ол ұсынған қақтығысты реттеу бойынша жоспар, армян элитасы және қоғамында қабыл алынбаған еді.

Мемлекет басына осы кезеңге дейін Таулы-Карабах Республикасының президенті қызметін атқарған Роберт Кочарян келген. 2008 жылы билік басына келген Серж Саргсян Арменияның бұрынғы қорғаныс министрі және соғыс кезінде Таулы карабхтағы Армения әскерінің қолбасшысы болып табылады.

Бұл факторлер Арменияның басшылығы тарапынан, саяси элита және армян қоғамы тарапынан Карабах мәселесіне аса көніл бөлуін көрсетеді.

Аталған себептерге де байланысты бұл қақтығыстардың белгілі бір уақыт аралығында бой көрсетіп, орын алуының себептерін айқындауды.

Қалай дегенмен де, екі ел үшін бұл қақтығыстың зардалтары мен зияны басымырақ.



Ереван және Баку үшін де бұл елде экономикалық дағдарыс туғызып, адам шығындарына алып келетін қауіпті дүние. Бұл Әзіrbайжанның инвестициялық тартымдылығына нұқсан келтіріп, Арменияның туризм саласының дамуына кедергі келтіретін дүние.

Сонымен қатар, қақтығыс өршіген жағдайда, бұл қақтығысқа Ресей Федерациясы да тартылуы мүмкін.

Себебі, Армения аумағында 102-ші Ресейлік әскери база орналасқан.

Қақтығыстың сыртқы факторларын қарастыратын болсақ, мұнда Ресей Федерациясы мен Америка Құрама Штаттарының мұдделері тоғысып отыр. К.Аллахвердиев пікірінше, қақтығыстың реттелу жолы Ресей және АҚШ арасындағы Кавказдағы ықпал ету салаларын бөлісу туралы келісімге тікелей байланысты. Қалған жақтары маңызды қатысушылар арасындағы мәселенің шешу жолдарын іздестіру арқылы реттеледі [4, 29].

Ресей Федерациясы үшін Карабах қақтығысында геосаяси мұдделер ең алдымен НАТО әскерлерінің Кавказ территориясына енуінің және Каспий маңына жақындауының алдын алу шаралары ретінде қарастыруға болады.

Ағылшын геосаясатшысы Маккиндердің кім де кім Еуразияны билесе ол дүние жүзіне билік орнатады деген тұжырымдамасына сәйкес, Кеңес Одағы күйрекеннен кейін Еуразия кеңістігін ірі әлемдік орталықтар шахмат тақтасы ретінде қарастырып отырғаны мәлім.

АҚШ тарапынан бұл жерге қалай да бакылау орнатып, Ресейдің ықпалын шектеу мұддесі қарастырылса, Ресей Федерациясы ТМД елдерін өз ықпалынан шығармай, басқа күштердің билігіне жол бермеу үшін барлық саяси амалдарға баруға мәжбүр.

Мәселенің мұндай тұрғысынан Ресей үшін Карабах мәселесі маңызды болып табылады. Украина, Оңтүстік Осетиядағы және Приднестровьеңегі қақтығыстардағы сияқты, Ресей өзінің саясатына қолдау табу үшін, өз әскерлерін осы территорияларда орналастыру мақсатында қақтығыстарға қолдау көрсетуі де мүмкін.

Карабах қақтығысы мұнай бағасының тұсуін тоқтатуға себеп те болуы мүмкін. Себебі оның Иранға жақын жерде орын алып, Каспий жағалауының мұнайды экспортқа шығаруышы маңызды мемлекетке қатысты болуына да байланысты. Сонымен қатар Nabucco құбырының тартылуына да кедергі келтіруі мүмкін.

АҚШ үшін бұл Еуразия кеңістігінде интеграциялық блоктардың әлсіреуін тудыруымен тартымды. Себебі Карабах қақтығысы Ресей мұдделі болып отырған Еуразиялық Одаққа Әзіrbайжанның енуіне кедергі болып табылады. Карабах қақтығысын реттеуге АҚШ төмендегідей себептерге байланысты мұдделі:

- Кавказ – энергетикалық қорларды тасымалдаудың өзегі болып табылатын стратегиялық маңызды аймақ. Сондықтан да Таулы Карабах қақтығысының шешіліуі Кавказдың оңтүстігіндегі тұрақтылықтың кепілі болып табылады;
- Вашингтон Түркия және Армениямен қарым-қатынасын реттеу мәселесінде Карабах мәселесінің басымдығына назар аударып отыр.

2014 жылы 7 мамыр күні ЕҚЫҰ Минск тобының басшыларының бірі - Дж. Уорлик Карнеги қорында Таулы Карабах қақтығысын реттеу бойынша сөйлеген сөзінде реттеудің алты элементін ұсынды:

- Таулы Карабахтың мәртебесі жергілікті халықтың таңдауы арқылы анықталады;
- бұрынғы Таулы Карабах автономиялық облысы Баку тарапынан бақыланбайтын болады, жергілікті өзін-өзі басқару үлгісіне өтеді;
- Таулы Карабах автономиялық облысының жанындағы басып алынған жерлер Әзіrbайжанға қайтарылады және Бакудің осы территориялардағы суверенитеті орнатылады;
- Лачин ауданынан тыс Армения және Таулы Карабах арасындағы көлік дәлізі сақталады;
- босқындардың өз үйлеріне қайтуға деген құқығы танылады;



– қақтығысты реттеу халықаралық кепілдіктермен қамтамасыз етіледі, оның ішінде бітімгершілік операция шараларын жүргізу де қарастырылуы мүмкін.

Ресейлік сарапшылардың пікірінше, Американың Таулы Карабах қақтығысындағы көздеген мәселелерінің ең маңызды түйіні БҮҮ шеңберінде бітімгершілік операциясын жүргізу арқылы Кавказ аймағына әскер енгізу. Қара теңіз – Каспий аймағының әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығының директоры В. Захаров, АҚШ мемлекеті тарапынан БҮҮ екі рет Таулы Карабахқа бітімгершілік әскерлерін енгізу туралы өтініш жасалынды, дегенмен БҮҮ әлі күнге дейін келісімін бермей отыр деп мәлімдеген [5].

2016 жылы сәуір айында екі ел арасында қақтығыс қайтадан орын алғып, Армения және Әзіrbайжан президенттерінің және РФ Сыртқы істер министрі С. Лавровтың қатысуымен өткен кездесуден кейін әскери қақтығыс тоқтатылды. 2016 жылы қазан айында Ереванда Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы өтіп, Карабах мәселесінде екі ел тарапынан күш қолданбау және бейбітшілікті сақтау туралы мәлімдеме жасалғанымен, түбебейлі шешім қабылданған жоқ.

Жалпы, Карабах қақтығысының саяси-құқықтық реттеу мәселесіне Кавказдың геосаяси тұрақтылығы тікелей байланысты. Таулы Карабах қақтығысын реттеу қазіргі таңда ұлken халықаралық мәнге ие болып отыр. Мұның себебі, көптеген мемлекеттердің Каспий энергетикалық аймағындағы геостратегиялық жоспарларына байланысты. Карабах қақтығысында территориялық тұтастықтың халықаралық принциптерін сақтай отыра және этникалық азшылықтардың құқығын құрметтей отыра, қақтығысты саяси-құқықтық реттеу қазіргі саяси өмірдің қажеттілігі болып табылады. Карабах қақтығысын геосаяси тепе-тендік мәселесі ретінде де қарастыруға болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Корнелл С. Конфликт в Нагорном Карабахе: динамика и перспективы решения. – Москва: Летний сад, 2001. – С. 435-477.
- 2 Офлаз Б. Роль международных организаций в решении проблемы Нагорного Карабаха // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2013. – № 160. – С.187-194.
- 3 Алиев Н. Некоторые государственно-правовые проблемы в Армяно – Азербайджанском, Нагорно-Карабахском конфликте // Центральная Азия и Кавказ. – 2008. – № 3-4 (57-58). – С. 358-370.
- 4 Аллахвердиев К. Нагорно-Карабахский конфликт в контексте «новой большой игры» // Кавказ и глобализация. – 2009. – Т.3. – № 2-3. – С. 28-42.
- 5 Шокирующее заявление российского политолога: «США запросили в ООН мандат для размещения своих миротворцев в Нагорном Карабахе» // <http://ru.apa.az/news/241299>.



## РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены проблемы урегулирования конфликта в Нагорном Карабахе. Анализируется позиция и посреднические усилия ООН и ОБСЕ по урегулированию конфликта. Исследуются геополитические интересы России и США в регионе.

## RESUME

The author of the article considers the problem of settlement of the Nagorno-Karabakh conflict. The position and the mediatory efforts of the UN and the OSCE on settlement of the Nagorno Karabakh conflict are analysed. The geopolitical interests of Russia and the United States in the region are investigated.



### **Аннотация**

Мақалада Қазақстанның тәуелсіздік кезеңінде бой көтерген астанасы - Астана қаласының құрылуы мен қалыптасуының тарихи аспектілері қарастырылған. 90-жылдардың басында пайда болған астананы көшіру идеясы және оның қысқа мерзімде іске асырылуы мұрағат құжаттары негізінде объективті тұрғыдан көрсетіледі. «Астаналар миграциясы», «қоршаған ортаның ықпалы» сияқты теориялық мәселелер Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың астананы көшіру идеясымен сабактастықта қарастырылады. Астана қаласы құрылышы және оған дайындық жұмыстары, алғашқы түйткілді мәселелер және оларды шешу жолдары айқындалады. 1996-2000 жылдардағы астананы көшіру кезеңінде атқарылған қыруар жұмыстар алғашқы қалабасылары мен қаланың іргесін қалауға атсалысқан мемлекеттік қызметкерлердің тынымсыз жұмыстарын көрсету арқылы сипатталады.

*Түйін сөздер:* осы заман, астаналар тарихы, Ақмола, астананы көшіру идеясы, «астаналар миграциясы», климат, экология, мемлекеттік комиссия, бас жоспар, арнайы экономикалық аймақ, Астана.

Ағылшының ұлы ойшылы, әрі тарихшысы Арнольд Тойнби өз зерттеулерінде «астаналар миграциясы» деген арнайы ғылыми термин қолданады. Оның пікірінше, астана тұрғынының өзгеруі – мемлекеттік құрылыштағы ықтимал тенденциялардың бірі. Бұл ретте қатып қалған қасаң көзқарас болуы мүмкін емес. Тарих тегершігінің қозғалысына қарай мемлекеттердің өздері де өзгеріп жататыны тәрізді, олардың астаналары да бір елді мекенге байланып қала алмайды» [1, 43]. Бұл әлемдік тәжірибеде бар мемлекеттік үрдіс және өркениет тұрғысынан қалыпты жағдай саналады. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 1992 жылғы астананы көшіру идеясының 1994 жылы ресми түрде жарияланып, бас-аяғы төрт-бес жылдың ішінде іске асырылуы Қазақстан

## **К.М. Ильясова**

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразиялық ұлттық университеті,  
тар. ғыл. канд., профессор м.а.

## **Д.М. Ильясов**

Темірбек Жүргенов атындағы №123  
мектеп-лицеї, мұғалім

## **Астана қаласының құрылу тарихы**



тарихындағы маңызды тарихи оқиға болды. Бұл елдің болашағы үшін жасалған батыл шешім еді. Мұрағат құжаттары бойынша астананы көшіру үдерісі 1996 жылдан басталып 2000 жылға дейін созылды. Осы үдерістің барысын мұрағат құжаттарымен, ресми материалдармен және көз көргендердің естеліктері мен астананы көшіруге атсалысқан адамдардың қызметі арқылы көрсетуге тырыстық.

1920-1997 жылдар аралығын қамтитын Қазақстандағы астаналар тарихында Орынбор, Қызылорда, Алматы қалаларының терең іздері жатыр. Алғашқы екі қаланың астаналық кезеңі бес жылдан кем болған жоқ. Ал Алматы қаласының ұзақ мерзімді астаналық кезеңінде, оның кеңестік сипатының басым болғанын ешкім жоққа шығара алмайды.

90-жылдардағы дағдарысқа қарамастан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Астана қаласының іргетасы қаланды. Олай дейтініміз, астананы көшіру идеясының арғы тұптамыры нарыққа көшүге таңдау жасалған 1992 жылдан бастау алады. Ал бұл идеяның көпшілікке жетіп, жариялануы тоталитарлық жүйенің бөлшектелуінің аяқталып, нарықтық экономиканың жаңа үлгісі анықталған 1994 жыл болды [2]. Дәл осы жылдың 6 шілдесінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің шешімі шықты. Көп кешікпей нақты қадамдар жасала бастады. Астананы таңдау 32 өлшем бойынша анықталды. Үміткерлер қатарында Қарағанды, Жезқазган, Ақтөбе қалалары да аталды. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, климаты, ландшафт, сейсмикалық жағдаят, қоршаған ортасы, инженерлік және көліктік инфрақұрылымының болуы, әрі оны дамытудың келешегі, құрылыш кешені, еңбек ресурстары және басқа да өлшемдер ескерілді. Елдің стратегиялық мұдделері де алыс болашаққа арналып есептелді [3, 93]. Дегенмен «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» 1995 жылғы 15 қыркүйектегі Жарлыққа сәйкес Алматы қаласы ҚР-дың Үкіметі мен Парламенті тұпкілікті көшіп келгенше астана мәртебесінде қалды.

Келесі өте маңызды жыл - 1996 жылдың басында «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» ҚР-дың заңына сәйкес Ақмола Арнайы экономикалық аймағы (1996-1999 жж.) құрылады. Оның атауы 1996-2001 жылдар аралығында үш рет өзгерілген: Ақмола АЭА (1996), Астана АЭА (1999), «Астана-жаңа қала» АЭА (2001). Тұнғыш қалабасы Аманжол Бөлекбаевтың айтуынша, «Арнайы экономикалық аймақ жарияланғаннан кейін қалаға қаржы келе бастайды. Қала бюджетінде 9 миллиард теңге ақша болған... Қазақстанның жаңа астанасын салу республикамызға өзінің экономикалық әлеуетін айғақтап қана қоймай, сонымен қатар қоғамдағы бар күштерді өз елінің игіліктерін дамытуға жұмылдырумен» [4, 256] ерекшеленді.

Осы жылдың күзінде құрылған «Жаңа астана» қоғамдық қорындағы қаражат Ақмола қаласын одан әрі дамыту мен қайта салу құрылышына, ал оның қызметі аймақтың дамуын қамтамасыз ететін шаруашылық субъектілерін несиелендіруге бағытталды [5, 22-23 пп]. Көп кешікпей шетелдік компаниялардан 200 млн. доллар тікелей инвестиция тартылып, «Астана-Бәйтерек», әкімшіліктің жаңа ғимараты және Президенттің бірінші резиденциясы салынды [3, 97-99].

Келесі 1997 жылы одактық кеңістікте бұрын болмаған ұзақ мерзімді екі ірі жоба: 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы және астананы көшіруді іске асыру көзделді. «Қазақстан-2030» даму стратегиясында 1967-1997 жылдар аралығында «Азияның жолбарысына» айналған Сингапур, Малайзия сияқты елдердің экономикалық өсу қарқыны басты нысананаға алынды, еліміздің даму бағыты және оның жеті басымдығы анықталды. Ал екінші ұлттық жоба бойынша алдымен, 1995-1997 жылдары астананы Ақмола қаласына көшіру жөніндегі Мемлекеттік комиссия құрылады. Оны үш адам: Н.Есенгарин, Н.Макиевский, Ф.Галимов басқарды, ал тұнғыш қалабасылары ретінде А.Бөлекбаев пен Ә.Жақсыбеков көзге тұсті. Осы адамдардың тікелей ат салысұмен астананы көшіру процесі сәтті аяқталды. «Қазір біреу білер, біреу білмес, жергілікті



биліктің сондай женелдіктерін, қолдау-қолпашиң тиімді пайдалана білген Әділбек Жақсыбеков, Асқар Мәмин, Марат Нәбиев сияқты азаматтарымыз төрт-бес жылдың ішінде ірі-ірі корпорациялар, фирмалар құрып, мындаған адамдарға жұмыс тауып берді, қалалық бюджетке қомақты қаржы құя бастады». Осы ретте айта кетейік, Аманжол Қуанышұлы Бөлекбаев (1941-2013 жж.) еш уақытта асығып-аптығып, жоқтан өзгеге бола біреумен ұрыспаған. Қашанда ашық-жарқын сөйлесіп, қара аспанды төндіріп жүргендердің бүйірінен түртіп, қалжының айтып, шеттеу орындықтың біреуіне отыра кетіп, сөз өзіне тигенде жауаптан бұлтармай, қаржының қайда жұмсалатынын нақты дәлелдермен қағазсыз-ақ айтып береді екен [6, 51-52]. Замандастары үшін, ол халқына қалтқысыз қызмет еткен абыройлы да, асқақ азамат болып қалды. Өзінің іскерлігімен Елбасының назарына ілікken Аманжол Бөлекбаевтың ерекшелігі, адами қадыр-қасиетінің биіктігінде болатын.

Комиссия жұмысы туралы бірер сөз. 1995 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының территориясындағы Құрылыс, тұрғын үй және даму министрлігі (Құрылысмін) тарапынан Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне реңми құжат дайындалады. Онда Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының астанасы» туралы жарлығын іске асыруға байланысты тұжырымдамалық ұсыныстар мен Ақмола қаласының Бас жоспарының болжамдық ауқымы және оның құны көрсетіледі. Осы құжатқа сәйкес, Жарлықты іске асырудың ұзак мерзімдік сипаты анықталады және астананы көшіру кезеңделеді. Алғашқы екі жылды қамтыған бірінші кезеңде көшірілген мемлекеттік басқару мекемелерін орналастыруға ауқымды инвестициялар құю көзделеді [7, 1-6 пп.].

1995 жылдың 28 қазанында атапынан Мемлекеттік комиссияның бірінші мәжілісі өткізіледі. Комиссияның құрамы 25 адамнан тұрды, оның 4-үі төрағаның орынбасарлары, 14-і мүшелері, ал 7-үі сырттан шақырылды [8]. Оның алғашқы төрағасы 1941 жылғы Нығметжан Қабатайұлы Есенғарин Теміржол транспорты инженерлер Институтын бітірген. Экономика ғылымын дамытуға үлес қосқан. 2000 жылы «Қауымдастық елдерінің экономикалық интеграциясының проблемалары» атты докторлық диссертациясын корғаған [9, 604-605]. Астананы көшіру кезінде оның кәсібілігі, іскерлігі, ғалымдығы және шаруашылық саласындағы мол тәжірибесі елдің пайдасына шешілді.

Комиссияның алғашқы мәжілісінің құрылымдық-ұйымдастырушылық сипаты басым болған. Әуелі Комиссия мүшелерінің өкілділіктері белгіленіп, комиссия аппаратының құрылымы жасақталады. Сосын таяудағы міндеттері мен олардың орындалуы туралы есебінің мерзімі анықталады. Комиссияның 1995 жылдың 11 қарашасында өткен мәжілісінде таяуда көшірілетін жоғарғы және орталық мекемелердің тізімі бекітіледі. Алғашқы кезеңде Ақмолаға көшірілетін жоғарғы және орталық мемлекеттік мекемелер және оларды орналастыратын ғимараттардың тізімі жарияланады, олардың жалпы саны – 28. Соның ішінде министрліктер саны – 11, комитеттер саны – 4-ү болған [10, 14-16 пп.]

1995 жылы 12 желтоқсанда Н.Қ. Есенғариннің жетекшілігімен өткен Қазақстан Республикасының Үкіметі Президиумының мәжілісінде алғашқы көшірілетін жоғарғы және орталық мемлекеттік мекемелердің тізімі мақұлданады. Осыдан кейін Геология және табиғи ресурстарды қорғау министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және ҚР-дың мемлекеттік комитеттері: Мемлекеттік мұлік басқармасы, Жер қатынастары және жерге орналастыру, ТМД елдерімен ынтымақтастық комитеттері көшіріледі. Сол кезде әкімшілік мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлердің саны мен оларға бөлінетін пәтерлер де анықталады.

1995 жылдың 11-13 желтоқсанында еліміздің жаңа астанасы Ақмола қаласын дамытудың Бас жоспарының Тұжырымдамасын талқылау мақсатында Халықаралық конференция шақырылды. Оны өткізуге 1 млн. 350 мың теңге қарожат бөлінген. Соның 630 мың теңгесі алғыс және жақын шетелдердегі қала құрылышы мен архитектурасы саласындағы шетелдік жетекші мамандарды шақыруға жұмсалған [11, 43-44 пп.].



1995 жылдың 16 желтоқсанында Ақмола қаласына алғаш көшіп келген Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі болды [12, 7].

Сол кездегі вице-премьерлердің бірі Н.М. Макиевский туралы замандастары: «алғашқы жарты жылдан кейін комиссия жетекшілігіне бекітілген Николай Макиевский өте еңбеккор әрі белгілі құрылышты ретінде кеңінен танымал болғанын, іске кірісімен жаңа астананың орнын мұқият зерттеуге арнайы ұшақпен ұшып келіп, осында кездесулер өткізіп, жұмыс жасап, ұйымдастырғанын, біраз шаруаларды атқарғанын, оның министрліктер мен ведомостволар арасында үлкен мәселелерді шешуге үлес қосқанын» үлкен мақтанышпен айтады [13, 253].

1996 жылы 22 қарашада «Жоғарғы және орталық мемлекеттік мекемелерді Ақмола қаласына көшіру және оның өкілеттіліктері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік комиссиясының жеке құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен Мемлекеттік комиссияның жаңа құрамы бекітіледі: Ф.Х. Галимов – Комиссия төрағасы – Қазақстан Республикасы территориясындағы Құрылыш, тұрғын үй және даму министрлінің орынбасары болған. Барлығы – 15 адам [14].

1940 жылғы Фарит Хабибрахманович Галимовтың төрағалық қызметі 1996 жылдың қарашасынан – Комиссия жұмысы тоқтатылған 1997 жылдың желтоқсанына дейін созылды, одан кейін ол бірден Ақмола қаласы өкімінің орынбасары қызметіне кірісп кетеді [15].

1996 жылы ақпандың 1-дегі Президенті Н.Ә. Назарбаев Ақмола қаласына іс-сапармен келген кезінде құрылышы нысандарымен танысады, содан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметін Ақмола қаласына 1997 жылы көшіру туралы шешім қабылдайды [3, 100].

Астананы көшірудің алғашқы жылдарында, нақтыласақ, 1997 жылдың 1 қаңтарында қала халқының саны 277,1 мың адам болған, бұл облыс халқының 34,7%-ын құраған. Тұрғындардың өсу динамикасындағы көрсеткіш мынадай: 1991 жылы қала тұрғындары 288,8 мың болса, 1997 жылы 277,1 мыңға азайып кеткен. Халықтың орташа жылдық өсу қарқыны 1991 жылы 2,6%, 1997 жылы 0,7% болған [7, 21 п]. Сол жылдары тұрғындардың көші-қоны есебінен, 2005 жылға дейін халық санын 600 мың адамға көбейту көзделгені белгілі [16, 24 п]. Алайда, бұл межеге 2009 жылғы санақ кезінде (613,6 мың адам) қол жеткізілді. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, астаналықтардың саны 869,1 мың адамға жеткен [17]. Әрине, астаналықтар басқа облыстармен салыстырғанда, демографиялық өсу қарқыны жағынан алдыңғы қатарда келеді. Оның басты факторларының бірі – мемлекеттік саясатта жатыр.

1997 жылдың желтоқсанында Ақмола қаласына республикамыздың жоғарғы басқару мекемелерінің қызметкерлерінің алғашқы легі келіп жетті. Сол кезде Ақмола қаласының өкімдігіне Әділбек Жақсыбеков тағайындалған болатын [18; 9, 32]. Әкімшілікті 2003 жылдың маусымына дейін басқарған ол, бұл қызметке 2015 жылдың маусымында қайта оралады.

Таким образом, многоязычие является неотъемлемой частью современного общества. Создание системы полиязычного и поликультурного образования в полиглассической среде является требованием современных реалий. Языковые цели современного образования должны сводиться к следующему: полиязычие и поликультура; понимание и гармония между различными языковыми и культурными группами; овладение в совершенстве другим языком и повышение профессиональных шансов обучающихся на международном уровне. Гармонизация межэтнических и межкультурных отношений, как отмечено в стратегии государства, будет достигаться на основе укрепления толерантности и доверия в отношениях между казахстанскими этносами, дальнейшего развития культур и языков казахстанских этносов, интегрирующихся вокруг государственного языка и культуры казахского народа.



## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана». – Газета «Казахстанская правда». - Астана, 2012. – 4 с.
- 2 Государственная программа развития образования РК на 2011-2020 гг. – Астана, 2011. - 15 с.
- 3 Типовая учебная программа «Русский язык». Ахмедьяров К.К., Мухамадиев Х.С. – Алматы: Казахский университет, 2012. - 16 с.
- 4 Быстрова Е.А. Коммуникативная компетенция. Методика в преподавании родного языка // Русский язык в школе. - 1996. - № 1. - С.20-23.

## ТҮЙИН

Мақала жоғары мектепте орыс тілін оқыту үдерісінде көп мәдениесті тұрганы қалыптастыру мәселесіне арналған. Автор тілдік, сөйлеу, қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру жолдарын қарастырган.

## RESUME

The article is devoted to the formation of a multicultural personality in the process of teaching the Russian language in a higher school. The author considers the ways of formation of the language, speech, communicative competences.



**Филология**



### Аннотация

Көркем туындының құрылымы, автордың «көркемдік әлемі» деген үғымдар әдебиеттануда үнемі қарастырылып келеді. Құрылымдық талдаудағы басты мәселе – мәтіннің біртұтастығын ашу. Кез келген туындыда қаламгер ұсынатын көркемдік жүйе әдеби бағытты, туындының стилі мәселесін айқындайды. Осы ретте, көркем бейнелеуде жи қолданатын суреттеудің түрі – пейзаждың мәні ерекше. Мақалада лирика жанрындағы пейзаждың қызметі талданып, мысалдармен дәйектеледі.

*Түйін сөздер:* пейзаж, көркемдік жүйе, құрылым, кеңістік, символ.

### Қ.М. Байтанаева

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
филол. ғыл. канд., профессор

## Лирикадағы пейзаждың қызметі

Кез келген көркемдік жүйе (сөз өнерінен басқасы да) бейнеленген заттық әлемге міндетті түрде көңіл бөледі. «Суреткердің әлемі» болып табылатын қоршаған ортасың қайталанбайтын моделі берілген көркемдік жүйеде қандай рөл атқаратынына байланысты көрінеді. Әдебиеттануда «затқа қатынас» белгілеріне қарай тұтас әдеби бағыттардың (натурализм, символизм, акмеизм) қызметі айқындалып жатады. Жалпы, көркем мәтіндегі заттық әлем ондағы кейіпкердің әлеуметтік жағдайын, түрмисын, міnez қалыбын айғақтайды. Адам баласын қоршаған орта алуан түрлі. Оның заттық, деректілік сипатынан басқа, баршаға ортақ табиғат, жаратылыс бейнесі, құбылыстары да маңызды мәнге ие. Яғни, өмірдің сандаған құбылыстары заттық әлемнен де асып, кең ареалды қамтиды. Бұған дәлел көркем бейнелеудегі ең танылған суреттеу – пейзаж.

Пейзаж дегеніміз – қандай да бір ашық кеңістіктің, көбіне табиғат суретінің бейнеленуі. Пейзаж әдебиетте ұлттық сипат иеленеді. Жанр түрлеріне қарай пейзаж әрқылы суреттеледі. Солардың ішіндегі ерекшелігі драмада автор оны ремаркаға енгізеді. Кейде пейзаж қатысушының аузымен, оның қабылдауымен беріледі. Драмадағы пейзаж көбіне символдық мәнде жүмсалады. Ал лирикада пейзаж экспрессивті мәнді көбірек аткарады. Мұнда көбіне ауыстыру, айқындау, кейіптеу, психологиялық



параллелизм және тағы басқа көркемдегіш құралдар пайдаланылады. Лирикада тек пейзаждың берілуі ғана емес, табиғат көрінісінің кейіпкерге туғызатын әсерінің, әмоциясының да мәні ерекше.

Әдебиеттанушы Ю.Лотманның пікірінше, поэзия болмысы әлі де толыққанды ашыла қоймаған өнердің түрі [1,18]. Көркем мәтінді талдаудың көптеген тәсілдері бар. Құнделікті өмірде мәтін мәдениеті бірнеше функционалды. Бір мәтін әлденеше рөлге ие. Көркем шығарманы талдауға әр қырынан келуге болады. Соның ішінде, әрине, көркем туындының эстетикалық сипаты басым болады. Құрылымдық талдау негізі - көркем мәтінге органикалық жағынан біртұтастықта қарау. Құрылымдық талдаудағы басты мәселе – мәтіннің біртұтастығы. Клод Леви-Стросс құрылым ұғымына мынадай анықтама береді: «Құрылым жүйелі сипатқа ие. Оны құрайтын элементтердің қатынасы мынадай тұрғыда көрінеді: егер олардың біреуі өзгерсе, ол өзінің сонынан басқалардың да өзгеруін қажет етеді» [2,119]. Мәтін құрылымын қарастырғанда олардың құрылымдық (жүйелі) және құлылымнан тыс элементтерінің ара жігін ажырату да маңызды. Құрылым қандай да бір модельді құрайды. Сондықтан да ол мәтіннен өзінің жүйелілігімен ерекшеленеді. Мәтін құрылымға қарағанда оны белгілі бір деңгейде жүзеге асырып, интерпретациялады.

Тіл – әдебиеттің материалы. Ол суреткердің көркемдік жағынан әрлеуінен бұрын-ақ әлеуметтік жағынан жоғары белсенділікке ие. Семиотикалық цикл тұрғысынан тіл белгі коммуникациясы ретінде ақпаратты сақтап, жеткізу міндетін атқарады. Кез келген тілдің негізіне сол тілдің мәнді элементі – белгі ұғымы жатады. Сөз – шартты белгілердің ішіндегі ең кең таралған түрі. Ал, тіл – иерархиялық құбылыс. Ол әртүрлі деңгейдегі элементтерге бөлшектеле алады. Сонымен қатар тіл - көпғасырлық мәдени процестің нәтижесі. Табиғи тілдер ұлттық мәдениеттің жетекші факторларының бірі болғандықтан, әлемнің тілдік моделі ұлттық модельді де қалыптастырады. Бұл әсіресе, поэзияға тән. Тіл адамның өмірімен тығыз байланыстылығы соншалық адам заттың ұғымы мен атауының арасындағы айырманы байқай да бермейді. Өлең теориясының білгірі Б.В.Томашевский өзінің тіл саласындағы ұзак зерттеуінің қорытындысы ретінде: «Адам тілінің табиғи ұйымдастырылу формасы - проза», - дейді [3,89]. Ал, өлең тілі екінші түрде қабылданады, оның құрылымы анағұрлым құрделі. Өлеңді тіл сөз өнерінің алғашқы түрі. Содан кейін барып ұқсату, адам тілі арқылы модель - шынайы дүниенің суреті қалыптасты.

Әдебиеттің ұзак даму процесінде көркемдік ойлаудың жаңа формасы орнықты. Әдеби туынды кеңістігінде автор бейнелейтін көркемдіктің ішінде оның өзіндік қабылдау жүйесі болады. Мәселен, сентиментализм әдісі кезінде әдебиет кеңістігіне кез келген заттың құрал түсे бермеген. Мұнда автордың дербес танымы, жеке реалийлері енді. Көптеген қаламгер өздерінің суреттеу тәсілінде кейде ірі құбылыстарды тұтас алса, кейде оларды бөлшектеп береді. Яғни, туындыдағы тұрмыстық заттар, детальдардың қызметі әр түрлі ракусте көрінеді. Мәселен, табиғат құбылыстары маусымдық түрде ғана емес, айға, тәулікке жіктей суреттеледі. Сол тұста қаламгерлер ол құбылыстарды топтап немесе жалқы сипатта береді. Яғни, әрбір жаңа пейзажда бір ғана толыққанды сурет беріледі. Кейде бірі екіншісін нақтылап отырады. Баяндаудың қозғалысына қарай суреттеу де нақтыланып, тереңдейді. Табиғат суретін беруде қаламгердің халықтық наым-сенімге деген көзқарасы байқалып отырады. Бұған туынды тақырыбы да жетелейді. Мәселен:

Көңілің сүйн ішсөң ашылады,

Дененде бар дертінді қашырады.

Өксіген оттай жанып жануарлар

Өзеннен рақат тауып басылады.

Қынарда тілсіз тұрган тогайлар да

Шуылдал желмен бірге бас ұрады... [4,15]

Ақын І.Алтынсарин «Өзен» өлеңінде табиғаттың бір бөлшегі – өзенді сипаттайды. Ағартушы өзінің шығармаларында үнемі ғибрат, таным мәселесін алдыңғы кезекке қояды.



Жаз маусымы кезінде сарқырай аққан арналы өзеннің тек табиғаттың көркіне сән берген сипатын ғана емес, тіршілік үшін, жан-жануар үшін пайдасын да қоса жеткізген. Өзеннің айнадай жарқырауы, салқындығы, дертке шипа болуы, аптаң ыстықта жанынды рақатқа бөлеп («Өксіген оттай жанып жануарлар, Өзеннен рақат тауып басылады»), қорған болатыны – осының бәрі өзеннің қасиетін айғақтап тұр.

Жыл мезгілдеріне өлең арнау барша ақындарға тән. Олардағы ерекшелік әр суреткөр табиғат мезетін, бейнесін түрліше береді. И.Жансугиров:

Жерің анау,  
Жасыл жолақ кілемдей.  
Желің мынау,  
Жігіт айтқан өлеңдей.  
Көңіл анау,  
Той ғып жатқан ауылдай.  
Күнің мынау,  
Елжіреген енендей [5,172].

Ақын бұл өлеңінде табиғаттың белгілі бір құбылыстарын ұлттық ұғымдар арқылы өрнектеген. Ақын жерді жасыл жолақ кілемге, желді өлеңге, көңілді той өтіп жатқан ауылға, күнді елжіреген енеге теңеңді. Сол арқылы жаздың әрекетке, көтеріңкі көңіл-күйге толы екендігін, жыл мезгілдерінің ішіндегі ең шуақты, ең жадыраңқы, халықтың тіршілік-салтына ыңғайлыш мезгіл екенін ашып тұр.

Табиғат мезгілінің барлығына тән табиғи құбылыс – жел. Желдің соғуы табиғаттағы бір өзгерісті білдіреді:

Дауылдат!  
Дауыл,  
Дабыл қақ!  
Ұшықта!  
Шалқыт, ұшыршы!  
Ұшқыр ұшта  
Дамылдат,  
Ойдағы жерге түсірші! [4,230].

Бұл өлеңде желдің символдық мәні басым. Жел – әрекет, қозғалыс, өзгеріс әкелуші. Жел – жылдамдықтың белгісі, ол жаңа леп әкеледі. Ендеше, ақын адам бойындағы қоғамға, айналасына деген өзгерісті, ықыласты, сілкіністі жел арқылы жеткізіп тұр. Өлең құрылышындағы қысқа буынды (дауыл, жел-дет) тармақтар мен («Дауылдат! Дауыл, Дабыл қақ!») бірдей дыбыстардан басталған (аллитерация) тармақтар өлеңнің ырғағын барынша келтіріп тұр.

Пейзажда динамика басым. Себебі ауа райының жыл мезгіліне сай құбылмалы болатыны занды. Осы ретте, ақын К.Аманжоловтың «Долы бұлт» пен «Дауыл» өлеңдерінің арасында үқсастық бар.

Суырып көкте қылышын,  
Нөсерлі қара төнді бұлт.  
Тарылтып жердің тынысын,  
Тапа-тал тұс болды ымырт («Долы бұлт») [6,125].

Бішкына соққан дауылға,  
Құмартушы ем жасымда.  
Нөсерлеп құйған жауынға,  
Қызығушы ем жасынға («Дауыл») [6,130].

Табиғаттың екі құбылысының сипаты берілген. Аспанда бұлт торласа жауын жауады, қатты жел дауыл тудырады. Екі құбылыс та ауа райының мінезін танытып тұр. Ал, ақын Ә.Тәжібаевтың «Бораны қыстың ұлып тұр», «Тұн ұйықтаған қара мысық



бейнелі» өлеңдері ауа райына хайуанаттардың мінезін үйлестірген («Бораны қыстың ұлып тұр, ызамен шашып ызғарын»; «Тұн ұйықтаған қара мысық бейнелі, жұмсақ қана жылтыады денемді»). Яғни мұндағы бейнелеудердің масштабы түрліше. Яғни табиғат суреті панорамалық немесе жеке-түйік суреттеу аясында беріледі. Ландшафт элементтерінің берілуі де әр түрлі деңгейде. Кейде ірі, кейде ұсақ түрде беріледі. Мәселен, «Боранда» тұтас қыстың суретін берсе, «Қысқы кеш», «Жолда», «Тұн» десе, оның бөлшектік сипаты басым. Осы табиғат суреті кейде тек суреттеуден, кейде суреттеубаяндау түрінде беріледі. Табиғат суретін әр түрлі бейнеде беруі ақындардың көру ерекшелігіне байланысты.

Сонымен, пейзаж тек табиғаттың суретін ғана берумен шектелмейді. Оның көркем туынды кеңістігінде атқаратын бірнеше функциясы бар: 1) мекен мен әрекет уақытын көрсетеді. Пейзаж арқылы оқырман мекен, мезгіл ұғымдарының мәнін ашып, бейнеленіп отырған негізгі идеяны танып, түсіне түседі. Оқиғаның қай жерде, қашан, қай мезгілде болғанын аңғарады. Тіпті лириканың тақырыптық атауларының өзінен пейзаждың мәні ашылып отырады. Мәселен, «Ағынды менің Ақсұым», «Гималай», (І.Жансүгіров), «Көкшетау», «Орал», «Ертіс» (Қ.Аманжолов); «Қысқы жолда», «Жаз келді» (М.Жұмабаев), «Қыс», «Жазғасалым» (І.Жансүгіров), «Жазғы далада», «Жазғытұры», «Күздігүні далада» (С.Сейфуллин); «Көктем», «Қыс өтті міне, көрдің ғой» (Ә.Тәжібаев); «Жазғы шілде» (І.Жансүгіров), «Наурыз (С.Сейфуллин), «Июнь дейді-ау бұл айды» (Ә.Тәжібаев), «Осынау қантарға орай» (Х.Ерғалиев), «Ей, апрель жаңбыры» (С.Мәуленов), «Сәуірде» (М.Мақатаев), «Қантардың үскірігі ғаламат та» (Қ.Мырзалиев), «Ақпанның желін жел демей» (С.Жиенбаев), «Қыркүйегің» (Е.Дүйсенбайұлы), «Желтоқсан айы бұл» (Ж.Әскербекқызы), «Сәуір. Аяз. Алма гүлі», «Қараша айы» (Т.Көпбаев), «Күз. Көніл-күй» (Б.Бабажанұлы), «Кеш», «Жылы кеш» (С.Торайғыров), «Жазғы таң», «Қаранғы, дауылды түн» (М.Жұмабаев), «Ақшам», «Таң» (І.Жансүгіров), «Тұн» (Б.Күлеев), «Таңсәріде», «Тұнгі тауда» (Қ.Бекхожин). Бұл табиғат лирикасының атаулары табиғат суретін берудегі ерекшеліктерді аңғартып тұр. Яғни, ақындар жаратылыс құбылысын тұтастықтан бөлшектік мәнге дейін суреттей алады. Жоғарыда берілген өлең атаулары географиялық аталымнан бастап, маусым, ай, тәулік ұғымдарына дейін бөлшектенген.

Параллелизм ұғымы поэтика принциптері бойынша ұнемі қарастырылып келді. Оның диалектикалық табиғаты туралы А.Н. Веселовский: «Мұнда адам өмірі табиғатпен теңдестірлімейді, тек ұқсас әрекеттері арқылы салыстырылады», -деген [7,289]. Ал, зерттеуші Р.Аустерлиц параллелизмді байлашта түйіндеді: «Екі сегмент (өлең) егер олардың бірдей позициядағы қандай да бір бөліктіңен басқасы ұқсас болса, оларды параллель деп санауға болады. Параллелизм деп толық емес қайталауды айтамыз» [8,78]. Яғни, өлең тармақтарындағы қатар келген екі құбылыстың ұқсас әрекеттерін параллелизмге жатқызамыз. Мәселен:

Қаздар қайтып барады мекеніне,  
(Қанаты бар мақұлық кетеді де).  
Қаз-қаз басып қалтылдап қария тұр,  
Дәрмені жоқ таяғын көтеруге.  
Қаздар кетті, құлақта үні қалды,  
Жазды әкетті, әкетті тұнық әнді.  
Қайтқан құстан қара үзіп қалса-дағы,  
Қалтылдаған қария тұрып қалды (М.Мақатаев) [6,228].

Күз айының тыныштыққа бастайтын марғау тірлігі жылы жаққа бет түзейтін құстарға да байланысты. Олардың кетуі айналага көңілсіздік пен жабыраңқылық әкеледі. Келесі көктемнің думаның бастағанша арада қанша уақыт бар. Таяғына сүйенген қартты да қаздардың кетуі көңілсіз ойға, мұңға батырған. Бұл екі параллельдің (қарт пен қаздар) арасында ұқсастық жоқ. Параллель етіп тұрған - күз айы, жылы мекеніне оралып бара



жатқан қаздар мен осы көрініс жанын жабырқатқан қарт. Тіл – аса бай құрылым. Бір ғана мағына әлденеше түрлі сөздер, сөз тіркестері арқылы беріледі. Пейзаж көркем туындының суреттілік, бейнелілік мәнін арттыра түседі. Табиғаттың өзіндік болмысы да алуан түрлі. Оған адамның әрекеті, мінезі, эмоциясы қосылғанда, ол тіпті кеңеңе түседі. Мәселен:

Жапырақ жүрек жас қайын,  
Жанымды айырбастайын  
Сен адам бола бастасаң  
Мен қайың бола бастайын,  
Келісесің бе, жас қайың (М.Мақатаев) [6,229].

Адам болмысы табиғатқа жақын. Ол асып-тасып, шаттанғанда, көңілсізденіп, мұнданғанда табиғатқа тіл қатады. Мұның себебі табиғаттың құдіреттілігінде. Адам көп ретте табиғаттың бір бөлшегіне айналып кеткісі келеді. Сонда өзінің адами қалпынан табиғаттың құбылысын, құдіретін жоғары қояды. Жоғарыдағы үзінді осының дәлелі. Жапырағын енді жая бастаған жас қайыңға айналғысы келген адамды табиғаттың жасандылығы жоқ болмысы, ерекше құбылысы ынтықтырады. Сөйтіп, жаратылыс пен адам арасындағы жарасымдылық жақындей түседі. Ендеше, пейзаж лирика жанрының өзіне тән ерекшелігін тереңдете түседі.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Лотман Ю. Структура художественного текста. – СПб.: Азбука, 2016. - 704 с.
- 2 Levi Strauss C. Anthropologie structural. - Plon, 1958. - P.306.
- 3 Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – М.: Наука, 1996. - 400 с.
- 4 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1986. - 200 б.
- 5 Жансүгіров I. Құлагер. Өлеңдері мен поэмалары. – Алматы: Жазушы, 1987. - 270 б.
- 6 Өлең өлкесі. Қазақ табиғат лирикасының антологиясы (Құраст. Ж.Әскербекқызы). – Алматы: Жазушы, 2009. - 472 б.
- 7 Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – М.: Наука, 1989. - 420 с.
- 8 Austerlits R. Ob-ugris Metrics. Hels, 1958.128 p. (FFC, No 174)

## РЕЗЮМЕ

В любом произведении художественная система, предложенная писателем, разъясняет литературное направление, вопросы стиля произведения. В то же время особенна роль часто используемого в художественном изображении вида описания – пейзажа.

В статье анализируется роль пейзажа в жанре лирики, приводятся примеры.

## RESUME

In any work, the artistic system, proposed by the writer, explains the literary trend and questions of the style of the work. At the same time, the role, which is often used in the artistic image of a kind of description - landscape, is special.

In the article the role of landscape in the lyric genre is analyzed and proved by examples.



### Аннотация

Мақалада ақын Қ. Бекхожиннің «Жиырма сегіз» поэмасы поэтикалық түрғыда қарастырыла отырып, ақынның белгілі тарихи оқиғаны жырлаудағы көркемдік эстетикалық талғамы, образдарды бейнелеудегі шеберлігі, мазмұнды пішінге көшірудегі ізденістері, сюжет құру мен архитектоникалық тұтастық мәселелері талданылады.

*Түйін сөздер:* поэма, соғыс қасіреті, панфиловшылар ерлігі, публицистикалық баяндау.

## М.Т. Джакыпбекова

І. Жансүгіров атындағы Жетісөу мемлекеттік университеті, филол. ғыл. канд., қауым. профессор м.а.

## Қ. Бекхожиннің «Жиырма сегіз» поэмасындағы көркем сөз қуаты

Сырын ішіне бүккен, қатпары көп тарихтың әрбір бедері сөз өнерінде көркемдік шешіммен өз ізін қалдырады. Ел тарихындағы ауыртпалығы мол ауыр кезең Ұлы Отан соғысы жылдары еді. Соғыс тек адамзат өміріне ғана емес, әдебиетімізге де үлкен бір сілкініс жасағандай. Себебі, «мұндай үлкен соғысты адам баласы бұрын бастан кешірмеген сияқты әдебиет те, әсіресе, жас совет әдебиеті дәл осындағы ауқымды тақырыпты менгермеген-ді» [1, 4]. Төрт жылға созылған соғыстың, қай кезеңіндегі болмасын, әкелген қасіреті оңай бола қойған жоқ. Соғыстың алғашқы айларында тұтқылдан еңсе көтертпеген жау тегеурініне қарсы төтеп беру, Москваға ентелеген жаудың екпінін қайтару совет жауынгерлеріне оңайға соқпады. Балтық аймағындағы біраз жерлерді басып алған жаудың басым күші Москваға таяп қалған тұста, ел астанасына тәнген қауіп пен қатер оны қорғауға тұрган жауынгерлердің табандылығы мен қайсарлығына, батырлығы мен батылдығына үлкен сын болды. Қазақстанда жасақталған дивизия құрамындағы Жиырма сегіз панфиловшы жауынгердің ерлігі осындағы сын сағатта жасалынды. «Дивизия Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қырғыз Республикасы азаматтары есебінен жасақталып, өз қатарына отыз үш ұлттың өкілін тартты» [2, 115]. Сол дивизия құрамындағы Жиырма сегіз жауынгердің 1941 жылдың қарашасындағы Дубосеково разъезіндегі жаудың елу танкісіне қарсы тұрган ерлігі ел аузында аңызға айналған асқан қаһармандықтың символы болуымен ТМД елдер әдебиетінен көнінен орын алды.



Жиырма сегіз жауынгер ерлігін негіз еткен Қ. Бекхожиннің «Жиырма сегіз» поэмасы да ерлік жасалған уақыттан көп ұзамай-ақ бір кезеңде, 1942 жылы дүниеге келді. Жанын қызып, өмірін құрбан етуге тәуекелдеген Жиырма сегіз жасаған ерлігін ақын шығармасына арқау ете отырып, бұл ерлікті өзгелерге үлгі тұтты.

Қыын - қыстау шақтың жүгін арқалаған бұл поэмандың бір ерекшелігі- нақты болған тарихи оқиғаға негізделгендейді. Мұндай жағдайда авторлық ой, қиял, сезім деректік материалдың ауқымынан аса алмайды, бұл автордың тарихи оқиғаға тәуелділігін мегзейді. Ақын Қ. Бекхожин «Жиырма сегіз» поэмасына тарихи оқиғанды объект етіп алғанымен, сол оқиғандың әрбір қалтарысына тоқташ, қатпарын ашуды мақсат етпейді. «Эрине, әдебиет – тарих емес, тарихи курес оқиғалардың айнасы, сәулесі ғана. Сондықтан тарихи мәліметтерді алып, сонымен түп-тұра шығуын одан талап етуге болмайды» [3, 221]. Зерттеуші ғалым Қ. Қамбаров бұл тұрғысында: «Ақын елін қорғаган ерлер туралы жазған поэмасында публицистикалық баяндау мәнерін сактаған, оқиғанды түйіп, жинақтап беру әдісін саралай жетілдіре түсіп, үнемді де тиімді қолданған» [4,40], – деп атап көрсетеді. Ғалымның атап отырған «жинақтап беру әдісіне» ақын поэма құрылсын мазмұндық жағынан бір-бірін толықтырып отыратын үш бөлімге тарату арқылы қолын жеткізген.

Ақын Қ. Бекхожиннің «Жиырма сегіз» поэмасының алғашқы бөлімі дерлік қатал табиғат ызгарына құрылған. Ұрыс даласын суреттеу үшін ақын «қараңғы тұн» сәтін таңдап алып, поэмасын бірден «қараңғы тұн, қалың орман» деп бастайды. Бұндағы «қараңғы тұн» кәдімгі құбылыс заңдылығымен кезектесіп келген тұндер санатына қосылып тұрған жоқ. Қара тұсті немесе қараңғылықты біз көбінесе жамандық нышаны негізінде сезінеміз. Сонда Қ. Бекхожин алдағы болар оқиға трагедиясын «қараңғы тұн» тіркесінің аумагына сыйғызған. Оқиға трагедиясын алдын ала тұспалдалап бейнелеу идеясы мұнымен шектелмей, келесі шумақтың «орман шулап тартты қобызы» деп кейіптеу тәсілімен берілген жолында жалғасын тауып, қобыздың мұнға толы үніне иек артылған.

«Қараңғы тұн» сипатынан кейін, «көкті жауып, жерді ораған долы дүлей, долы боран» суреттеледі. Бұл жерде долданып, ашуланып тұрған табиғат сияқты. Ал шынында, бұл «долы» сөзінің үстемелеп қайталануы арқылы түсіндіріліп тұрған, қасіret әкелген соғысқа деген ақынның жан ашуы. Образдық қалыптағы «долы боранның» халық ақындары дастандарында сұрапыл соғыс хабаршысы қызметін атқарғандығын жоғарыда атап еттік. Ал Қ. Бекхожин поэмасында ол тек соғыс сипатын ғана көрсетіп қоймай, ақын наразылышымен ұштасады. Осы келтірілген мысалдардағы буырқанған қалыпсыз табиғат жағдайы – соғыстың реальді картинасы.

Әлдекайда жау жасағы

Көрінбейді боран басып [5, 88], –

деген жолдарда ақын бастапқы бағытын өзгертіп, ендігі нысанасын «жау жасағына» қарай бағыттайды. Мұндағы табиғат, нақты айтсак «боран» – қарсылық белгісі. Ақынның айтпағы - жау жасағының боранның эсерінен көрінбей қалғандығы емес, оны сол боранның басып қалғандығы. Боранның табиғи қалпымен тағы да ақын өзінің қарсылық идеясын білдірген. Енді бірде жауды сол боранның құрбаны қылады:

Ақ кебіндей ақ боранға,

Олі неміс жатты оранып [5, 88], –

деген жолдарда алдымен әпитеттен жасалған «ақ боранды»«ақ кебінге» теней отырып, күрделі көркемдік компонент құраған. Осындағы «ақ кебінге орау» идеясы:

Кебін киіп көмілгендей,

Омбы қарға батты неміс [5, 90], –

деген жолдардағы «көму» идеясымен аяқталады. Мұнда жаудың женіліс тапқанына масаттанған ақын «ақ боран» арқылы оларды кебінге орайды, содан соң «омбы қарға көмеді». Кәдімгі кебіннің ақ түсі ескеріле отырып, ақын салыстыруы ұтымды шыққан. Жауға деген өшпендейділік:



Орыс қысы ән салады, –  
Немістерге аран ашып [5, 88], –

деп жалғасады. «Орыс қысының ән салуы» кейіптеу үлгісімен берілген, яғни «жансыз табиғат құбылысы қәдімгі тірі кісінің қылығымен ауыстырла суреттелген» [5, 217]. Жадыраған жайдары жаздың немесе күлімдеген көктемнің ән салуы, әрине, образдылықпен суреттегендегі біз қабылдайтын құбылыс. Ал қыстың ән салуы ше? Мұнда ақын аңы мысқылмен «қысқа ән салдырған», оның әні де өзі сияқты аяздай қарып түсетін қаһарлы және ол ән дүшпанға «аранын ашады». «Боран мен қарға батырған», «кебінге ораған», оларға арнап «қысқа ән салдырған» осы мысалдардың бәріне де табиғат құбылыстары жауға қарсылық идеясының мақсатына қызмет етіп тұр.

Аласұрган табиғат поэмалың сонына қарай тыныштық кейпіне түседі:

Шошынғандай бұл соғыстан,  
Орман іші андай ұлып,  
Күркіреген оқ пен оттан,  
Басылғандай боран бұғып [5, 90].

Ақын боранға «басылғандай» деп сипат беріп, содан соң гана оны «бұғады» дейді, яғни «боранның бұғуы» жасырыну емес, ол – шайқас даласының қиян кескі ұрыстан кейінгі тыншыған сәтінің көрінісі. Осы келтірілген мысалдардан байқағанымыз, ақын соғысты табиғаттың бұлышып бояуымен астастырып, жауды табиғат құрбаны қыла отырып, тіпті жаратылыстың өзі де бұл соғысты құптамайтындығын, осыдан келіп шығатын бүкіл адамзаттың соғысқа деген қарсылығын үндеп отыр.

Сонымен қатар, Қ. Бекхожиннің поэмасында тың көркемдік ізденис ұшырасады. Ол – табиғи құбылыстарды қарама -қайшылықпен беру. Мысалы поэмада «немістерге аран аштырып, орыс қысына ән салдырады». Әрине, бұл мысалдарда мазмұндық алшақтықты атап өту орынды. Сонда мысалда ақын Қ.Бекхожин әнді әдейі «орыс қысына» салдыртады. Себебі әндегі қарып түсер «ызғар» дүшпанға бағытталған қарсылықпен ұштасып жатыр.

Ақын поэмасының құрылымындағы оқиға желісі шеңбер тәріздес құрылған, себебі алғашқы тараудағы «қатал табиғаттың ызғарымен ақ боранға оранып жатқан өлі неміс» соңғы үшінші тарауда да суреттеледі, сонда ортаңғы тарау соның себебін түсіндіруге қызмет еткен.

Қ. Бекхожиннің эпикалық шығармаларына талдау жасаған әдебиетші Т. Ибрағимовтың ақынның «Жиырма сегіз» поэмасын: «ақын творчествосының ерекшеліктерін де таныта алмайды. Кезіне, кезеңіне қарай ерлік пен ел сүюге үндеген шығармалар» [6, 81], – деп бағалауы қөнілге қонымысыз. Себебі, «сондағы да, қазіргі де – біздер халық басынан не кешті, не өткелектен өтті, жақсы болсын, жаман болсын, соның бәрін хатқа түсірдік, жырладық. Енді оның бәрін өтірік етіп, «бәрін жаңадан бастаймыз» деп бар болмысымыздан жалаңаш қалатын жай жок» [7, 2], – деп ақынмен «тағдырлас» болған Faфу Қайырбеков ақын шығармаларына араша түседі. Әрине, поэма бояуы ақынның бүкіл таланттық талабына жауап бере алмайтыны рас, дегенмен ақын шабытының сүрлеуі бар.

Қ. Бекхожиннің поэмасы «Жиырма сегіз» деп аталғанымен, ақын поэмасында Жиырма сегіз жауынгердің әрқайсысының атын атап, жеке тоқталып жатпайды. Зерттеуші-ғалым Ә. Нарымбетов: «Қ. Бекхожин Жиырма сегіз жауынгердің ерлік қимылын тұтастай жинақтай көрсетуді мақсат еткен» [1, 99] дейді.

«Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған поэмалардың сюжеттік желісінен аңғарылатын тағы бір жай: олардың барлығында дерлік оптимизм басым» [1, 108]. Оптимизмді ақын өз баяндауымен емес, әсерлі етіп:

Қандай пәле біз тұрғанда,  
Астанаға қас қылады?  
От бүрқаған жауыздарға  
Бастырмаймыз Москваны! [5, 89], –



деп, Жиырма сегіз жауынгердің өз сезімен береді.

Поэмада патриотизм, әсіресе Жиырма сегіз жауынгердің Отанға деген сүйіспеншілігі ерекше екпінмен суреттелген. Жиырма сегіз жауынгерді ұлы ерлікке жетектеп, оларды рухтандырып, жігеріне қайрат қосқан осы отаншылдық сезім деп түсінеді.

Поэмада Жиырма сегіз жауынгердің биік тұлғасына қарама-қайшы қорқақ сатқынның бейнесі ұтымды суреттелген. Дұшпан жақтың зор күшін көрген бойда-ақ ол «қайтіп тірі жан қалады?!» деп:

Ессіз-түссіз қалпыменен,  
Қол көтерді жауға қарап [5, 89].

Осындағы «ессіз-түссіз» қос сезі арқылы ақын қорқақтың «қайтіп жан сауғаласам» дегендегі саяз ойы мен сасқалақтаған психологиясын айнытпай берген. Сол қорқаққа «біреуі жауға арнаған гранатты» атады. Жауға арналған оқтың қорқақ солдатқа бағышталуы сатқындық үшін алған жазасы еді. Оның өлімі де сондай тез, із-түзсіз:

Ол жоғалды, тайды көзден  
Арам дene қарды оранып... [5, 89].

«Жоғалып, көзден тайу» арқылы біз оның өлімінің ездікпен пара-пар екенін түсінеміз, артында не ізгілігі, не жақсылығы алмаған, мұлдем құрдымға «жоғалып» кеткен жанның бейнесін көреміз, тіпті оның өлім тапқаннан кейінгі сүйегінің өзі «арам денеге» саналып, дөп басқан эпитетпен берілген. Бұған қарама-қарсы Жиырма сегіз жауынгерді «кетпе солар естен мәңгі» дей отырып, олардың есімдерінің тарихта алтын әріппен жазылып қалғандығын айтады. Сонымен, Қалижан ақын терең мағына мен идеяға толы шағын жолдардың өзінде «жандарынан жалын атып, кеудесінде кек ойнаған» Жиырма сегізді жинақтап, үлкен бір образ жасаған.

Поэмада көніл аудараптық тағы бір жәйт бар: ол – от сезінің әртүрлі контексте қолданылып, неше алуан мағынаға ие болатындығы. От – адамзат тіршілігінің тірегі, бірақ халқымыз оны «тілсіз жау» деп те атайды. От шарпыған жерін үйіндіге айналдырып, бәрін жермен жексен қылады. Қасіретті соғыстың адамзатқа әкелер ауыртпалығы осымен пара-пар болғандықтан, соғыс пен от ұғымдарын ұштастыра пайдалану – заңды құбылыс. Сондықтан да «от» сезі соғыс эпизодын суреттейтін көптеген шығармаларға арқау болған. Тіпті соғыс жылдарының өзін «отты жылдар» немесе «от кешу» деп қалыпты тіркеспен атایмыз.

Поэмадағы «оттар ұшқан жарқылдаған, жер қалмады от түспеген, от бұрқаған жауыздарға, лапылдатып отын шашты» деген тармақтарда жау жақтан атылған оқты отпен теңестірудегі ақынның мақсаты – алдымен дұшпан оғының ысырапсыз мол екендігін байқату үшін (жау техникасының басым болғандығын жоғарыда атап өткенбіз) және ұрыс даласындағы атылған оқтан құлағың тұнар ауыр сәтті әсерлі етіп суреттеу үшін. Ақын Жиырма сегіз жауынгердің жиынтық бейнесіне де «от» арқылы сипаттама береді. «Көздерінен от тұтанаңп» деген көзінен от шашты деген тұракты тіркестің мағынасына сяды. Алайда ақын өз тарапынан сәл өзгертіп «от тұтанаңп» деп қолданады. Отты тұтату оттың жануынан бұрын болатын қимыл екенін ескерсек, ақын мұнда жауынгерлердің үлкен ерлік істі бастар алдындағы сәтін мегзеген. «Бәрінің от жүрекі» бар дегендегі «от жүрек» эпитеті жауынгерлердің ер жүректілігін, қайсаrlылығын танытады.

«От» сезі кейде сұрапыл соғыстың орнына қолданылады. Бірақ сол соғыс кімге «от», ал кімге «от пәле»? Ақын осы түрғысында әдемі салыстыру жасайды: «өзін-өзі отқаайдаган» деп Жиырма сегіз жауынгер үшін соғыстың жалындаған от екенін бейнелесе, «мынақырғын от пәледен» деп қорқақ солдат үшін соғысты «от пәле» деп, оның түсінігінелайықтап береді.

Енді бірде «от» сезі жауынгерлердің биік патриоттық сезімін беру үшін қолданылған. «Отан! – деген отты лебіз, Отан! – деген оты жанып» деген жолдардағы «отты лебіз» эпитеті біздің құлағымыз үйреніп қалған жылы лебізден де артық, ыстық, ал «оты жанып» деген де Отанға деген сүйіспеншіліктің тымасқақ екендігіне ақын бой



алдырады.

Сонымен, ақынның біргана «от» сөзіне қашшама жүкартып, ой тереңдігіне қашшалықты сұңғи алғандығына күә болдық. Бұл ақынның сөз иірімдерін оқиға ыңғайына бағындырып алатын қасиетін танытса керек.

Ақын Қ. Бекхожин «Жиырма сегіз» поэмасында ерлік даңқын мактанышпен жырлай отырып, бейбіт өмір таңы оңайлықпен атпағандығын, қасіретті жылдар трагедиясын табиғат құбылыстарымен астастыра отырып, қанық бояумен берген, «Жиырма сегізге қазақ поэмасында өз ескерткішін орнатқан» [4, 42].

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Базарбаев М., Нарымбетов Ә. Ерлік пен еңбек дастаны. - Алматы: Мектеп, 1984. - 192 б.
- 2 Сабыров С. Қазақстан тарихы: Оқу құралы. - Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1997. - 219 б.
- 3 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. - Алматы: ҚМКӘБ, 1958. - 402 б.
- 4 Қамбаров Қ. Ерлік эпосы: Монография. - Алматы: Жазушы, 1979. - 216 б.
- 5 Бекхожин Қ. Жиырма сегіз. - Алматы: Жазушы, 1982. - 168 б.
- 6 Ибрагимов Т. Өлең өрісі. Зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1979. - 208 б.
- 7 Қайырбеков Ғ. Шалқар шабыт иесі еді... // Қазак әдебиеті. - 1993. - 10 желтоқсан.

## РЕЗЮМЕ

Рассматривая с поэтической точки зрения поэму К. Бекхожина «Двадцать восемь», автор статьи анализирует художественно-эстетическое своеобразие поэмы, воспевающей известные исторические события, раскрывает мастерство поэта в создании образов, построении сюжета и вопросы архитектонической целостности.

## RESUME

Considering from the poetic point of view the poem of K. Bekkhozhin "Twenty-eight", the author of the article analyzes the artistic and aesthetic originality of the poem in chanting well-known historical events, reveals craftsmanship of the poet in creating images, the issues of architectonic integrity.



### **Аннотация**

Статья посвящена вопросу фразеологизации в языке современных средств массовой информации. Автор рассматривает классификацию фразеологических новообразований, процессы дефразеологизации.

*Ключевые слова:* фразеологические новообразования, метафорическая трансформация, дефразеологизация, фразеологическая контаминация.

**А.Х. Хамидова**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
канд. филол. наук, доцент

## **Процесс фразеологизации в языке современных СМИ**

В настоящее время происходит очередное глобальное реформирование норм в современном русском литературном языке. Фразеологический фонд русского языка «сопровождают» фразеологические новообразования различных периодов экономических, социальных и политических преобразований в обществе. Современные авторы устных и письменных текстов не всегда придерживаются литературных традиций и тщательно отбирают слова, следовательно, при публичном общении стирается и ослабляется официальность.

В языке современных газет интенсифицируется процесс иноязычного заимствования, среди новых слов много прямых заимствований, значительное количество слов создано на русской почве путем использования иноязычных приставок или корневых частей слова наряду с русским, говорит об открытости лексической системы русского языка, ее активности и жизнеспособности. Слова не просто входят в язык, а творчески перерабатываются и приспосабливаются к чуждой для них среде, оказавшейся достаточно сильной, чтобы подчинить себе инородное. Тем самым создается новая фразеология: новые русские, средний класс, адресные меры, дикий рынок, шоковая терапия, чемоданы улик (компромат в чемоданах), теневая экономика, теневые доходы, отмывание денег, прораб перестройки, пакет предложений, момент истины.

В языке современных СМИ фразеологизмы могут подвергаться разного рода трансформациям в целях усиления



выразительности и эмоционального воздействия, наглядно отражают движение языкового материала, новые тенденции в развитии языковой ситуации, чутко реагируют на социальные изменения, связанные со сменой поколений, на прогресс в научно-технической сфере, т.е. на все изменения, происходящие в обществе.

Тематико-идеографическая характеристика фразеологических новообразований имеет своей целью проследить, какие именно сферы явлений, предметов объективной действительности отражает пласт новой фразеологии, установить, чем объясняется выбор сфер действительности. Анализ фразеологических новообразований строится на принципах ономасиологического подхода к языковому материалу, а это допускает две идеографические классификации. Первая предполагает компонентный анализ фразеологических новообразований и выявление сфер человеческой жизни, из которых они пришли. Выделены следующие тематические группы фразеологических новообразований:

1. *Анатомия человека и жесты: греть уши, как два пальца об асфальт.*
2. *Внешний вид человека: как до Пекина босиком, по бороде.*
3. *Мимика: лыбу давить.*
4. *Духовная культура: играть в памятник, как шпиль соборный.*
5. *Гендерные и возрастные: продвинутая молодежь.*
6. *Географические объекты, национальность, имена: Борис Бодунов.*
7. *Наука, техника, производство, труд: без тормозов, забить на.*
8. *Бытовые представления, предметный мир: асфальтовая болезнь.*
9. *Телевидение, кино, реклама: слабое звено, мама, не горюй.*
10. *Финансово-экономическая область: двойная бухгалтерия.*
11. *Спорт: желтая карточка*
12. *Природа, животный и растительный мир: жаба душит (давит).*
13. *Область военных понятий: страшный как атомная война, бомба.*

Обобщая денотативные сферы, которые легли в основу формирования значения фразеологических новообразований, существуют наиболее активные, подвергшиеся метафорической трансформации, при которых образы сравнения формируют стабильно проявляющиеся признаки экспрессивности; вульгаризация, насмешка, ирония [1, 35].

Антропоцентричность выражается в направленности номинации на объект, лицо, а также в подчеркнутой субъективной оценочности, в характерном модусном содержании - грубом отрицательном снижении. Это достигается антропоцентрическим направлением переноса: с предмета или животного на человека, фразеологические новообразования с пренебрежительной оценкой человека образуется сравнением образа некоторых животных или других опасных неприятных существ: с тараканами в голове (*ищетливо-ироническое или пренебрежительное*. 1. *Об умственно отсталом человеке.* 2. *О человеке со странностями.*)

Другой подход предполагает описание фразеологических новообразований с точки зрения развития фразеологического значения предполагает классификацию материала по тематико-семантическим полям.

Наиболее отчетливо представляется возможным разграничить фразеологические новообразования на основе той или иной отнесенности, характеризующей либо «лицо», либо «предмет».

Исходя из этого была произведена классификация фразеологических новообразований, выделены два макрополя «Человек и его признаки», и «Предметы и явления и их признаки». Классификация по общности семантики, относящаяся к миру человека или миру предметно-вещественному:

Человек и его признаки:

1. Эмоции человека, название лица и его характеристика, действие лица и его качественная характеристика, свойства и качества человека: *туши свет!*



2. Название лица по профессии, роду занятий: *живой товар*.
3. Деятельность: *замутить фишку*.
4. Свойства и качества характера человека, его внутреннее состояние: *без тормозов, замутить фишку*.
5. Негативные: *а кому сейчас легко?*
6. Название лица по пристрастиям, поведению, внутренним качествам и ситуациям: *слабое звено, Борис Бодунов, Голубая Луна*.
7. Внешность человека, части тела: *без слез не взглянешь*.
8. Название лица по внешним признакам: *чубчик кучеряwyй*.
9. Состояние: *маразм крепчал, играть в памятник*.  
Предметы, их свойства, качества, явления и признаки:
  1. Транспорт: *железный конь*.
  2. Общественная жизнь: *правда жизни*.
  3. Качество: *не фонтан*.
  4. Количество: *пол-Китая*.
  5. Экономика, бюджет, рынок: *черная касса*.
  6. Болезни» лекарства, наркотики: *болезнь двадцатого века*.

Специфика газетной коммуникации накладывает отпечаток на процесс фразеологизации, наличие актуальной проблемы создает потребность в многократном употреблении ее называния и оценки в ряде контекстов. Этот экстралингвистический фактор является стимулом к созданию вариантов фразеологических новообразований.

Трансформация фразеологизмов широко используется в жанрах, имеющих установку на выразительность, эмоциональность, убедительность, которой придается статус функционально-стилевого признака языка газеты. Индивидуально-авторская обработка обусловлена функциональными задачами: обслужить сугубо конкретную ситуацию конкретного контекста.

Дефразеологизация - процесс дестабилизации, нарушения внутренних семантических и структурных связей определенных устойчивых словесных комплексов в речевой практике. Данный процесс характеризуется тенденцией к утрате устойчивыми сочетаниями слов элементов фразеологической нормы: раздельнооформленность, образно-метафорическая переосмысленность, устойчивость, воспроизведимость [2, 156].

Фразеологический образ языковой единицы может трансформироваться в двух направлениях: в направлении буквализации и в направлении усложнения, изменения отдельных фрагментов, а часто всего образа в целом.

Выделены наиболее продуктивные и эффективные приемы дефразеологизации: 1) экспликация внутренней формы фразеологических единиц; 2) буквализация фразеологических единиц с различной степенью изменения их лексико-грамматической целостности и семантики; 3) двойная актуализация; столкновение прямого и переносного значений фразеологических единиц при использовании неверbalных средств; 4) фразеологическая контаминация далеких, парадоксальных по значению фразеологических единиц; 5) расширение как способ интенсификации значений фразеологизма; 6) фразеологический эллипсис; 7) обыгрывание структурно-семантической модели фразеологических единиц; 8) замена компонентов фразеологических единиц словом или сочетанием слов на основе паронимии или парадоксальности субSTITUTA [3, 17].

Экспликация внутренней формы фразеологических единиц. На образности фразеологических единиц, на внутренней форме фразеологизмов базируются следующие виды семантических преобразований: экспликация образной основы фразеологических единиц, буквализация значения фразеологических единиц, двойная актуализация. Под экспликацией внутренней формы фразеологических единиц понимается раскрытие в контексте исходного образного представления, ситуации, явившейся базой фразообразования. Н-р, Равнодушие - *тебе, наверное, абсолютно фиолетово*



(фиолетовый цвет находится на самом краю видимого спектра). Выражение означает, что «*этот вопрос меня интересует в последнюю очередь*». Ср.: абсолютно (глубоко) фиолетово. В данном случае внутренняя форма фразеологических единиц строится на основе семантических признаков, которыми обладает фразеологический компонент «фиолетово»: данное употребление актуализирует оценочные коннотации, связанные с восприятием семантики цветообозначений (черный-мрачный, фиолетовый-неопределенный, между синим и красным). Экспликация - это намеренное выявление мотивирующей базы фразеологизма путем утраты устойчивости и употребления компонентов в роли свободных слов при общем образном тождестве фразеологического контекста и фразеологических единиц.

**Буквализация значения фразеологических единиц.** Типы фразеологических преобразований различны и распадаются на две основные разновидности: а) полное или частное изменение семантики при сохранении лексикограмматической целостности; б) частичное или полное изменение лексико-грамматической структуры вместе с изменением семантики.

Использование фразеологических единиц в буквальном смысле - одно из самых радикальных приемов обработки фразеологизма. Ср.: плевое дело (...) Чемпионат мира по плевкам жевательным табаком с 70-х годов проводится в Калифорнии.

**Буквализация** - прием активизации и творческого преобразования внутренней формы фразеологических единиц, при котором фразеологизмы воспринимаются не просто как игра слов, а раскрывают свои особые художественно-эстетические свойства, наполняются глубоким содержанием, превращаются в острую сатиру современной действительности. Прием буквализации выполняет различные изобразительно-выразительные функции: создает двуплановость, подтекст, семантический сдвиг, контраст. Чаще всего буквальное понимание фразеологических единиц подсказывает ситуацией или фразеологическим контекстом, содержащим лексические актуализаторы или слова-индикаторы.

**Двойная актуализация.** В газетной практике встречаются случаи, когда в сравнительно небольшом контексте намеренно с целью усиления экспрессии, привлечения внимания читателей творчески обыгрываются прямое и переносное значение одного фразеологического оборота. Под двойной актуализацией, вслед за А.М. Мелерович, В.М. Мокиенко, мы понимаем «...совмещение фразеологического значения оборота и его образной основы и внутренней формы» [4, 38]. Равноправная реализация прямого и фразеологического значений оборота осуществляется за счет его смыслового взаимодействия с элементами контекстного окружения, т.е. в рамках фразеологических конфигураций - структурно-семантических и стилистических единств, образуемых фразеологических единиц и ее актуализатором. В языке современной прессы довольно эффективно функционируют два типа приема двойной актуализации фразеологических единиц: 1) совмещение фразеологического значения оборота и его образной основы при помощи верbalных средств; 2) при помощи невербальных средств.

Прием двойной актуализации фразеологических единиц во всем многообразии является продуктивным, эффектным способом реализации языковой игры, творческой, нестандартной подачи информации и саморепрезентации авторской индивидуальности, который рассчитан на вдумчивое, осмысленное чтение, позволяющее автору шутить, иронизировать, более полно и ярко раскрыть сущность того или иного явления и выражать свое отношение к нему.

Фразеологическая контаминация как явление яркое давно привлекает к себе внимание лингвистов. О ней писали многие лингвисты (И.В. Абрамец, А.М. Бабкин, А.В. Куинин, А.И. Молотков, Б.А. Смагулова, Н.М. Шанский и др.). Фразеологическая контаминация является одним из способов индивидуально-авторской трансформации фразеологизмов в текстах различных жанров.



Контаминация может затрагивать различные типы «устойчивых словосочетаний», «устойчивых фраз»: 1) контаминация двух/трех пословиц или поговорок: *Одна голова хорошо: кобыле легче = одна голова хорошо, а две лучше + баба с возу, кобыле легче*; 2) контаминация пословицы и собственно фразеологической единицы: *На безрыбье и слона из муhi сделаешь = на безрыбье и рак рыба + делать из муhi слона*; 3) контаминация собственно фразеологических единиц: *Всю жизнь плевали душа в душу = плевать в душу + душа в душу*.

Таким образом, *дефразеологизация* является важной стилеобразующей составляющей языка современной прессы, основной механизм которой заключается в языковой игре, и понимается нами как творческая актуализация внутренней формы и раздельнооформленной структуры фразеологических единиц путем нарушения фразеологической нормы в речевой практике.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Гольцева И.Г. Семантические свойства фразеологических новообразований в современном русском языке / В кн.: Семантико-грамматические свойства фразеологизмов русского языка. – Челябинск, 1985. - №2. - С. 25-57.
- 2 Бейсембаев А.Р. Трансформация фразеологизмов в языке газет // Вестник филологический. – Алматы, 2004. - №4. - С. 155-158.
- 3 Мелерович А.М., Мокиенко В.М. Фразеологизмы в русской речи. - Минск, 2009. – 271 с.
- 4 Мелерович А.М., Мокиенко В.М. Проблемы фразеологической семантизации преобразованных фразеологизмов // Фразеологизмы и его лексикографические разработки. – Минск, 1987. – 38 с.

## ТҮЙИН

Мақала қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының тіліндегі фразеологияландыру мәселесіне арналған. Автор фразеологиялық жаңа жасалымдарды, дефразеологияландыру үдерістерін қарастырады.

## RESUME

The article is devoted to the problem of phraseology in the language of mass media. The author considers the classification of phraseological neologisms and the processes of dephraseology.

**Аннотация**

Сөйлеуіш сейлеу кезінен бұрын болып өткен амал - әрекетті өзі көрмеген, басқа біреуден естіген болса немесе оның болып өткенін сол кезде көрмей, кейінен нәтижесіне қарап байқаған болса, белгісіз өткен шақ қосымшалары арқылы жеткізеді. Мақалада мәмлүк қыпшақ тіліндегі белгісіз өткен шақты жасаушы формалардың тұлғалық және семантикалық ерекшеліктері, даму және қалыптасу тарихы жан-жақты қарастырылады.

*Түйін сөздер:* Мәмлүк қыпшақ тілі, белгісіз өкен шақ, шақ категориясы.

**Қ.А. Садықбеков**

Сулайман Демирел университеті,  
филол. ғыл. канд.,  
қауым. профессор

# Мәмлүк қыпشاқ тілінде белгісіз өткен шақ қосымшаларының дамуы тарихы

Өткен шақтың бұл түрі қазіргі қазақ тіліне қатысты зерттеу еңбектерінде түрліше аталып, әртүрлі анықтама беріліп жүр. Дегенмен мектеп оқулықтары мен грамматикалық еңбектердің көпшілігінде *бұрынғы өткен шақ* термині жиі қолданылады. Т. Қордабаев та дәл осылай атай отырып, амал - әрекеттің баяғыда болғандығын, қазір ұмытыла бастағанын, сондықтан да ертегілерде көбірек қолданылатынын, сондай-ақ айтушының іс-әрекеттің басы-қасында болмағандығын, біреуден есту арқылы білгендігін немесе іс-әрекеттің қашан, қалай болғанын ұмытып қалғанын байқату үшін қолданылатынын айтады [1, 79]. И. Маманов болса, аталған өткен шақты *ежелгі өткен шақ* деп атай отырып, көптеген мағыналық реңктерін көрсетеді. Алайда оны бұл шартты атау екенін, себебі ежелгі өткен шақ формасы (-ыпты) сөйлеу кезінен бұрын болған іс-әрекетті ерте кезде немесе жуық арада деп айырмайтындығын алға тартады [2, 130]. М. Оразов болса, бұл өткен шақ формаларының, шынымен де, ертегілерде, батырлық жырларында, тағы басқа ауыз әдебиет үлгілерінде жиі қолданылатындығын, дегенмен ол жерде ежелгі өткен шақтың мағына контексте кездесетін *ертеде, баяғыда* деген сөздердің үлесіне тиетінін, ал -*ыпты* қосымшасы оларға белгісіздік, яғни қимылдың болып, болмағандығының анық емесстігін білдіретін мағына үстейтіндігін айтады да,



өткен шақтың бұл түрін белгісіз өткен шақ деп атауды жөн санайды. Эрмен қарай белгісіз өткен шақтың –ыты қосымшасының мағыналық реңктерін 5 топқа жіктеп, жан-жақты талдайды [3, 321-323]. Бұл жерде ғалымдарымыздың өткен шаққа байланысты айтқан пікірлерін толық қолдаймыз. Дегенмен олардың осы оның функционалдық ерекшеліктерінен гөрі, оны жасаушы қосымшалардың сөйлем ішіндегі түрлі стилдік, эмоционалдық-экспрессивтік мәндерін негізге алған секілді.

Жалпы түркі тілдері грамматикаларында өткен шақ өз ішінде *(анық)* өткен шақ және бұрынғы (белгісіз) өткен шақ деп болу дәстүрі қалыптасқан. Олай болса, әуелі осы екі өткен шақтың ортақ және бір-бірінен ажыратын негізгі белгілері, функционалдық ерекшеліктері не? Амал-әрекеттің сөйлеп тұрган уақыттан бұрын болып өткендігі екі өткен шаққа да ортақ мағына. Ал сол болып өткен амал-әрекетке сөйлеушінің қатысы, дәлірек айтсақ, ол амал-әрекетті сөйлеушінің өз көзімен көргендігі немесе көзімен көрмей басқа біреуден естіп білгендей не болмас амал-әрекетті болып өткен кезінде көрмей, оның болып өткендігін нәтижесінен білгендей осы екі өткен шақ түрін бір-бірінен ажырататын белгілер болып табылады. Сөйлеу кезінен бұрын болып өткен амал-әрекеттің ежелде, баяғыда немесе жуық арада болғандығына емес, сөйлеушінің амал-әрекеттің ақиҳат болу деңгейіне қатысын білдіретіндіктен өткен шақтың бұл түріне (Б.А. Серебренников, М. Ергин, М. Оразов) белгісіз өткен шақ деген термині сәйкеседі деп ойлаймыз. Зерттеу жұмысында мәмлүк қыпшақ тілінде жазылып осы күнге келіп жеткен *Муниетул Гуззат* (МГ), Сейфи Сарайдің *Сұхейл үз Ғұлдерсін* мәснауисі (СГ), *Китаб Мұқаддима Әбу-Ләйс әс-Самарқанди* (КМ), *Китаб філ-фікір* (КФ) және *Китаб філ-фікір бил-лісанит-турки* (КФТ) ескерткіштерінің материалдары негізге алынатын болады.

Мәмлүк қыпشاқ тілінде белгісіз өткен шақ жасаушы формалардың бірі *-мыши*, *-миши* қосымшалары қазіргі оғыз тобындағы тілдерде актив қолданылатындығы белгілі. Сондықтан да зерттеушілердің басым көпшілігі *мұны* оғыз тіліне тән элемент деп есептейді. М. Оразов қыпшақ және қарлұқ тілдерінде қосымшаның пассив күйге түсүіне *-ған* *-ғен* формасының өрісінің кеңейіп, ықпалының күшеюіне байланысты еkenін айтады [3, 319]. З. Коркмаз *-мыши*, *-миши* қосымшасының тұп негізінің есімшеге тірелетінін, шақ қосымшасы ретінде қолданылғанда іс-әрекеттің сөйлеп тұрган уақыттан бұрын болып өткендігін, бірақ сөйлеуші оны өзі көрмегенін, басқа біреуден естігендей білдіретіндігін айтқан [4, 599]. Мәмлүк қыпшақ тілінде де *-мыши*, *-миши* формалары негізінен есімше жүрнағы ретінде өте актив қолданылған. Дегенмен біз бұл жерде тек белгісіз өткен шақтың қызметіне ғана тоқталмақпyz.

Жаныңды, қарғам, жасына көздің жудырып* [2].

Немесе

*Қайғырып қара түске боянасың,  
Тоқтайсың, сабырыңа таянасың.  
Өмір беріп, қызызың бұл жалғаның,  
Екеуінен Құдайым аямасын* [2].

«Кірпікке ауыр мұңдыы іліп» және «жаныңды жасына көздің жудырып», сондай-ақ «малынып шерге» және «сағынып» тіркестерін контексттік синонимдер деуге болады. Бұлай деуімізге негіз де бар. Мысалдардан көріп отырғанымыздай, синонимдік қатардағы бірнеше сөз өзінің тұра мағынасын сақтайды да, сол тұра мағыналарын сақтап тұрған жеке не бірнеше сөзбен синонимдік қатарда тұрған басқа сөз өз мағынасын контекстегі ойға орай сәл өзгертип, олармен мағыналас келіп отырады.

Қандай бір ақынның өлеңіне талдау жасағанда, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының сөз талғамына жүгінеміз. Осы жолы да ұлы ақынның синонимдерді қолдану арқылы нағыз ұтқырлық танытқанын байқаймыз. Тұлғалары бөлек болғанымен, мағыналары жуық, мәндес сөздер болып саналатын синонимдер – поэзия тілінің ең бір қажетті де маңызды құралы. Ал сол синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу арқылы ақын негізгі айтпақ ойын дәл беру, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару тәрізді



шарттарды жүзеге асырады. Синонимдердің әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңк бар, ұқсас мағыналы сөздер ретінде келіп, олардың көркем әдебиетте, оның ішінде өлең тіліндегі орны ерекше болып келеді. Себебі поэзияда әр сөздің мағыналық та, стильдік те жүгі ауыр келеді. Ғылым тілінде айтар болсақ, әрбір ең шағын көркем мәнмәтіннің экспрессивтік арқауы сөз болатын болса, оның экспрессия туғызатын күйі оның семантикасында, яғни мағынасы мен мағыналық реңкінде. Бұл жерде біздің айтқышымыз келгені: мағыналас сөздер өлең тілінде бір-біріне тең түспейді, әрқайсысының өз қолданылу орны, мәнмәтіндік ортасы болуы қажет.

Синонимдерді қолдануда Абай Құнанбайұлы ұстанған тағы бір тәсіл – оларды өлеңнің бір жолында келтіріп, градация (сөз мағынасын бірте-бірте күшетту немесе әлсірету) арқылы оның экспрессиясын арттыру. Мысалы, «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінде:

*Өз үйінде қипаңдан,  
Кісі үйінде күй таңдан.  
Ақылы бар кісіні  
Айбаттайды, даттайды.*

(«Сабырсыз, арсыз, еріншек») [3].

Араб тіліндегі «ғайбат» деген сөз *айбаттау, даттау* «жамандау» мағынасында екеуі қатар қолданылып, образды үстемелеп тұр.

Ақын Қ. Сарин өлеңдерінде де мұндай синонимдік қатардағы сөздердің мағыналық жағынан бірте-бірте үдең, үстемеленіп, градациялық тәсілмен өрбіп отыратын тіркестер кездеседі, мәселен:

*Ауылымыздың сен едің аргымагы,  
Сени көріп тарқайтын жсан құмары.  
Бірге өсіп, бірге жүрген бауырларың,  
Қайғы еміп, қасірет жұмып қалды бәрі* [2].

Қайғы ему, қасірет жұмы тіркестері бірін-бірі үстемелеп, айтылмақ идеяны күшеттіп тұр.

*Уа, еркіндік!  
Құның немен өлишенді?!*  
Сени көксеп  
Боздақтарым өлсе өлді!  
Сенсің менің ең гажайып өлеңім,  
Ең шуақты, Ең шырайлы, Ең шерлі!

(Қ. Сарин «Тәуелсіздік») [2].

Осы өлең жолдарында автор *ең шуақты, ең шырайлы* сөздеріне олардың антонимі, яғни қарсы мағынадағы *ең шерлі* сөзін таңдайды, бұл тіркестер бірін-бірі үстемелеп, идеяны күшеттері анық.

Сөздердің синонимдік қатарын молайтатын тілдегі құбылыс – эвфемизмдер. Эвфемизм – көркем шығарма тілінде өзіндік тиімді орны, реті бар сөз қолданысының бір түрі. Ақын Қ. Сарин де жоғарыда талдауға түскен «Тәуелсіздік» өлеңінде осы эвфемизм тәсілін қолданады. Мәселен,

*Кеше сениң келбетіңді арман ғып,  
Боданына бұғауландық басқа елдің.  
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,  
Аналардың жсанарына жасас бердің!  
Уа, Еркіндік, қош келдің!* [2].

Боданына бұғауландық басқа елдің деген өлең жолындағы «бодандық» орыс тілінің «подданство» – азаматтық, яғни еркінен айырылу, тәуелділік, кіріптарлық деген мағынаны береді. Ерте дәуірлерде құқықтық категория ретінде қалыптасқан *Бодандық* атауы дәстүрлі қазақ ұғымында «отарлану», «өзге мемлекетке бағынышты болу» деген



мағынаны білдіргендіктен, ақын басқа елге бағынышты болдық дегенді тұра атамай, эвфемистік тәсілді қолданып тұр деп есептейміз [4].

Қ. Сарин – өз туындыларында көркем образ, көркем бейне жасау үшін көркемдік құралдардың жетік ұлгілерін іздең, оларды тауып, одан әрі өзінше жетілдіріп, шеберлікпен пайдалана білген ақын. Соңдықтан да ақын туындыларының сезімге толы, өте әсерлі, көркем бейнелі, терең мағыналы болып келетіндігі де осы көркемдеу құралдарын тапқырлықпен ұтымды пайдалана білуінде деп білеміз.

Ой көркемдігін, пікір дәлдігін арттыратын поэзиялық шығармаға поэтикалық құшқуат беретін бөліктің бірі – *антоним* сөздер.

Антонимдер өзара алшақ қарама-қарсы ұғымды білдіретіндіктен, бұлардың әр сөз табына қатысы нақ бірдей бола бермейді. Қазақ тілінде антонимдер көбінесе сын есімдерден болады, онан соң етістіктер, зат есімдер, азды-көпті ұстеулерден кездеседі. Ақын өлеңдерінен де бұл құбылысты кездестіреміз. Мысалы, «Жалғыздық та сұлу болады екен-ау!» өлеңіне талдау жүргізсек.

*Сұлулықта өкініш бар, өксік бар,  
Жалғыздықта қорқыныш бар, құдік бар.  
...Сұлулықта салқындық бар күздегі,  
Жалғыздықта жылдылық бар көктемгі.  
...Сұлулықта жаңылысқан өмір бар,  
Жалғыздықта сағыныш бар жыл-жылы.  
...Сұлулықта шаттық үн бар, күлкі бар,  
Жалғыздықта тәтті мұңғар, Тәтті мұңғ!..  
...Бақ пен нала, Ақ пен қара арбасты.  
Сұлулықта қоштасу бар ең соңғы,  
Жалғыздықта махаббат бар алгаиқы [2].*

Ақын Қадыр Мырзаәлі дәстүрімен Қ. Сарин де осы өлеңі арқылы тағы бір қырынан танылышты отыр, ол талантының бір көрінісі – контрастты ойната білуі. Ойымыз дәлелді болу үшін өлеңнен нақты мысалдар келтірсек:

*Сұлулықта қоштасу бар ең соңғы,  
Жалғыздықта махаббат бар алгаиқы [2].*

Немесе:

*Сұлулықта салқындық бар күздегі,  
Жалғыздықта жылдылық бар көктемгі [2].*

Алгаиқы мен ең соңғыны, жылдылық пен салқындықты шенdestіру арқылы ақын оқырманың терең ойға жетелейтіні сөзсіз. Ақынның сұлулық пен жалғыздықты салыстыруы – үлкен тапқырлық. Өлеңде жалғыздық пен сұлулық – бірде құн мен тұндей қарама-қайшылық көрінісі, бірде домбыраның екі ішегіндей ортақ үн беретін үйлесім белгісі ретінде өріліп отырады.

Қ. Сарин қарама-қарсы екі ұғымды білдіретін сөздердің тіркесі –оксюморонды да қолданады. Мұның өзі кездейсоқтықтан пайда болмайды, ол автордың тапқырлығын танытады. Мәселен,

*Сұлулықта шаттық үн бар, күлкі бар,  
Жалғыздықта тәтті мұңғар, Тәтті мұңғ!..  
Қанишама рет, Бұл өмірде өлиеулі,  
Бақ пен нала, Ақ пен қара арбасты [2].*

Ақынның шаттық үн мен тәтті мұңғы шенdestіруінде тәтті мұңғ тіркесінің құрамындағы екі сөздің өзі бір-біріне қарама-қарсы мағынада оксюморон ретінде жұмсалып тұр. Оксюморон – мағынасы қарама-қарсы, антоним сөздер, өзара тіркесіп, бір ұғымды білдіреді [5, 84].



«Бақ пен нала» «ақ пен қарага» үйқасып қана тұрған жоқ. Мұнда контраст бар екені аңғарылады. Осы тұста Қалқаман Сарин мен Қадыр Мырзалиев өлеңдеріндегі үндестікті байқаймыз.

Талдауға түскен ақындар тіліндегі антонимдерді салыстыру барысында, бұл қолданыстардың мәнмәтін аясында жасалуы кеңіп, стилистикалық бояуымен ерекшеленетін қарама-қайшы жүптардың пайда болатынын аңғардық. Тағы бір ескеретін жайт – кейбір контекстік антонимдердің ауызекі сөйлеуде жиі айтылып жүретіні. Бұдан қалыптасқан лексикалық бірліктер сөздік қорды дамытудың бір амалы деп қорытынды жасауға болады.

Көркем поэзияда сөзді құбылтудың тәсілі – метафора. Поэтикалық тілдің әсемдігі кең көлемде жұмсалған метафоралы бейнелерде жатыр. Метафора ақын тілінде идеялық-эстетикалық, бейнелілік және стильдік, көркемдік жағынан келгенде үстеме мағыналар арқылы ой айқындығын, мазмұн тереңдігін қамтамасыз ету мақсатына бағындырып қолданылған. Осыдан ақын лирикасындағы сөздің шексіздігі танылып, сөз құдіреті өмір құбылыстарының бәрін де бейнелеп, суреттеп, астарлап айтып бере алатындығы айқындалады. Мысал ретінде қаламгердің «Көктем» деген өлеңін алайық:

*Жүргіме жыр құйып көктен сарнап,  
 Мынау – менің құстарым жеткен самған.  
 Қара жердің қайғысын сейілтеді,  
 Қанатынан күміс нұр көктем саулап.  
 Согады әлсіз жібектей жесел жұмсарып,  
 Жұпар еміп жібиді бел бусанып.  
 Сагыныштың тамишысын көктен үзіп,  
 Сал көктемге жылайды жсер мұң шағып.  
 Сабагынан сығалап сан мың бүршік,  
 Тал, терекке қолтаңба қалдырды шық.  
 Көктем мен жаз, күз бен қыс өрнек салар,  
 Шыр айналған дүние-ай, тағдырлы ұришық.  
 Күн көзінен күрең бұлт үркіп қашып,  
 Жер көктемге өлердей ынтық, гашық.  
 ...Кәрі қыстың кеткісі келмегендей,  
 Бір аяғын барады сылтып басып («Көктем») [2].*

Өлең мәтінін толық беруді жөн санадық, өйткені өлеңнің әр жолында метафоралық тіркес кездеседі: жүргіме жыр құйып; қара жердің қайғысын сейілтеді; қанатынан күміс нұр көктем саулап; жұпар еміп жібиді бел бусанып; сагыныштың тамишысын көктен үзіп, т.б.немесе

*Толқыған жүрек, балқыған сезім тудырып,  
 Ол күндер кетті кірпікке ауыр мұңды іліп.  
 Малынып шерге, сагынып сен де жүрмісің,  
 Жаныңды, қарғам, жасына көздің жуудырып [2].*

Осы тәрізді балама жолдардағы мағыналық та, логикалық та, түр-тұлғалық ұқсастықтар ақын тілінде метафораның бай қазынасы бар екенін дәлелдейді.

Ақын өлеңінен тағы бір жолдарды мысал ретінде келтірсек:

*Саясатқа сермей алмай семсерді,  
 Езгі күнге тери қылдым еңсемді!  
 Желтоқсанда жалын атып жастығым,  
 Құрсау болған темір қозам тенселді!  
 Есте даңқы қырышындардың қалды ма,  
 Сексен алты ерлігім бе-ей, ең соңғы!?  
 Ya, еркіндік,  
 Құның немен өлишеңді!?* [2].



Осы үзіндідегі өлең жолдарының қайсысын алсаңыз да, мәселен, *саясатқа семсер сермей алмау; езгі күнге еңсемді тері қылу; желтоқсанда жастығым жсалын атты; құрсау болған темір қогам теңселді; сексен алты ең соңғы ерлігім бе тіркестері мен сөйлемдерін ақын ойын астарлы түрде, әсірелеп жеткізу үшін, сонымен бірге шығарманың көркемділігін, бейнелілігін арттыру үшін қолданып тұр деуге болады. Бұл тіркестер ақын өлеңінің мағыналық нақышының қасиетін, эстетикалық құшін арттырып тұр.* Бұл құбылыс – тілдің көркемдеуші құралы саналатын *метафора*.

Қ. Сариннің жазу мәнеріне тән тағы бір ерекшелік – тенеу сөздерді мейлінше мол қолдануы. Тенеу таным құралы болумен қатар, эстетикалық категориялардың да бірі болып саналады. Өйткені адамның көркем ойлауының, соған орай көркемдік танымының аса қуатты құралдарының бірі – көркем әдебиетті тенеулесріз көз алдына елестету мүмкін емес. Тенеу барлық халықтың фольклорында да, жазба әдебиетінде де кеңінен орын алғып, әдеби персонаждардың портреттерін жасауда, табигат көріністерін суреттеуде, кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін сипаттауда, басқа да толып жатқан жағдаяттарды баяндауда ұтымды стильтік тәсіл ретінде мейлінше мол қолданылады. Шығарманың идеялық мазмұнымен ұштасып, оның көркемдік өресімен ұласып жататын, сәтімен табылып, шебер қиуласып тұратын, шығарманың тілі, сол тілдің көркем түйіні – тенеу.

Көркемдеу құралдарының басқалары секілді Қ. Сарин тенеудің дара, күрделі, ұлғайған тұрларін көп қолданған. Қаламгерде тенеудің небір өткір, небір терең, небір ауқымды, небір аумақтысы бар.

Т. Қоңыров тенеудің жасалу жолдарының бірнеше түрін атап көрсеткен. Қазақ тіліндегі тенеулердің көпшілігі зат есімге, есімшеге, етістікке жалғанатын *-тай*, *-тей*, *-дай*, *-дей*, *-ша*, *-ше және -дайын*, *-дейін* жүрнақтары арқылы жасалатыны белгілі.

Қ. Сарин тілінде де тенеудің көбінесе осы тұрларі түрленіп, әр қырынан жарқырап көрінеді. Ақын оларды стильтік мақсатта пайдаланған. Мысалы:

*Бұл өмір қысқа, құстың тұмсығында,*  
*Жастығың жара бермес бүрик ыңғай.*  
*Оқініп откен күнге өксігенмен,*  
*Жуарсың көңіліңнің кіршигін қай?*  
*Бұл өмір – ойнап жүріп от басулар.*  
*Кездесу соқ кездесулер, қоштасулар.*  
*Таусылған тағдырларды теңдеп алып,*  
*Келмеске кеткен сонау көп гасырлар...*  
*...Бұл өмір – кімге мәнді, кімге мәнсіз?*  
*(Сағымдай бірде жоқсыз, бірде барсыз).*  
*«Қар жаумай, қазан ұрмай солып қалар»,*  
*Қайтейін ғұмырымды ғүлден әлсіз.*  
*Бұл өмір – бізге мәлім откел сынды,*  
*Өтем деп сол откелді көп тер сіңді.* («*Бұл өмір*») [2].

Осы өлеңде қоюлатылып белгіленген сөздер мен сөз тіркестерін тенеу деп танып отырмыз. Оны былайша түсіндіреміз: 1) құстың тұмсығында – тенеу жасайтын жүрнақтар арқылы жасалып тұр. 2) өмір от басуларга, кездесу соқ кездесулер мен қоштасуларға тенеліп тұр. 3) откел сынды – шылау көмегімен жасалып тұр.

Осы кезге дейін ақындар мен шешендер «Өмір қамшының сабындағы қысқа» десе, Қалқаман ақын «*Бұл өмір қысқа құстың тұмсығында*» деп жаңа тенеу тапқан, шынында уақыттың барған сайын қысқарғанын мензейді. Адам жаратылғандардың ең озығы, ақылдысы болса да, ең нәзік те әлсіз екені шындық. Сол ақиқаттыбылайша бейнелейді:

*«Қар жаумай, қазан ұрмай, солып қалар,*  
*Қайтейін ғұмырымды ғүлден нәзік».*



Қ. Сариннің қолданған теңеулерін мұзбалаш ақын М. Мақатаев лирикасындағы келісті терең теңеулермен салыстырсақ. М. Мұқатаев өз лирикасында сөзбен сурет салуда теңеуді талғампаздықпен пайдаланып, сөзді құбылтып, түрлендіріп, эмоционалды-экспрессивтік бояуын қүшейтіп отырған. Мысалы:

*Тянь-Шаньның шашақтаулы наизасындаи,  
Қайсың Хантәнірмен жсанасасың? [6, 155].*

Немесе

*Ганибет қой шіркін-ақ, шуылдасқан ұлардай,  
Қыын екен жалғыздық қияда өскен шынарадай [Сонда].*

«Сағымдай», «ұлардай», «шынарадай», «құмардай», *таулардай*, «лағындаи», «емендей», «наизагайдай», тенеулері -дай,-дей жүрнақтарымен жасалып, өлеңге ерекше мағыналық ренқ, көркем үйлесімділік үстеп түрғанының анық байқауға болады. Бұл теңеулер қаламгерден бүрын да қолданылғанымен, ақын оларды өлең мәтінінде өзінше түрлендіріп жұмсайды. Әрбір теңеудің өлеңге қаншама жүк артып түрғаны анық байқалады. Осы теңеулердің негізі лексикалық зат есімдерде жатыр және де өлеңнің бояуын нақтылауда -дай, -дей жүрнақтарының қызметі жаңаша көрінеді.

Қ. Сарин поэзиясында кездесетін теңеулер ақынның үлкен суреткерлік шеберлігін ғана танытып қоймайды, сондай-ақ ойлау, сөйлеу мәнеріне, стиліне сәйкес туған келісті үлгілер болып табылады. Мысалы:

*Дегбір қашып, Демде шөгіп көңіл – нар,  
Жанга батар орман ойдың зіл жүргі.  
Сұлулықта жаңылысқан өмір бар,  
Жалғыздықта сағыныш бар жып-жылы [2].*

Осы өлеңдегі «Демде шөгіп көңіл – нар» жолдарынтеңеу деп таптық. Себебі көңіл нарға теңелген. Ауызекі тілде тек тұлғаға «нар» деген анықтауышты тіркестіріп айтатынымыз рас. Ақын көңілдің қандай зор болғанын «нар» деген теңеумен әдемі бейнелеп тұр. Ал сол *нар* көңілбір сәтте шөгіп кетсе, тосын жағдайдың күесі боларың анық. Бұл жердегі тосын жағдай деп отырғанымыз – сұлудың жалғыздығы. Ал енді мына бір өлең шумақтарында да таза теңеулер тұр:

*Жүрекке тән ізгілікке ұмсыну,  
Жалындаған аңсар сезім – от-алау.  
...Жамалы бар, Таң секілді жаңа атқан  
Жанарында жалт-жұлт етіптаза бақ.  
Сұлулықпен сүйішилеп, Жаратқан  
Жалғыздықпен кетіпті оны жазалап.  
Білем, Сезем, Қылыш емес еши құптар,  
Жазықсыз жанжазмышқа кіріптар [2].*

«Таң секілді жаңа атқан» шылаудың тіркесуі арқылы жасалған теңеу – сұлу қызы жанарының сипаты. Ақынның жаңа атқан *таң секілді жанарда таза бақ жалт-жұлт етіп қалды* деген өлең жолдарын бірін-бірі үстемелеп түрған екі теңеулі сөйлемдерге жатқызуға болады. «*Таң секілді жаңа атқан // Жанарында жалт-жұлт етіп таза бақ*» – жеке отау тіккен ерекше байлам.

Жанарда таза бақтың жалт-жұлт еткені – ерекше бейнелеу. «*Жүректегі нұр*», «*көңілдегі кір*» дегендегі күнделікті қолданыста жүретін сөздер емес, өзі де *таза бақтың жанардан жалт-жұлт етіп қалуы* – «*жас жүректің саусақ жайғаны*» сияқты тіркестердің кез келген ақын жасай алмасы анық. Тағы бір өлең жолдарынан мысал келтірсек:

*Жанга батар орман ойдың зіл жүргі.  
Сұлулықта жаңылысқан өмір бар,  
Жалғыздықта сағыныш бар жып-жылы [2].*

«*Жанга батар орман ойдың зіл жүргі*». «*Орман ой*» да – тапқырлық. «*Қалың ой*», «*батпан ой*», «*ауыр ой*» дегендегі күнделікті қолданыста жүреді. «*Орман ой*» –тың теңеу.



Әрі қарайғы «орман ойдың зіл жұғі» – манағы бір теңеуді екінші теңеу үстемелейтін шеберліктің жалғасы. Бұл сөйлемдегі зіл сөзі көбінесе анықтауыш мағына беру үшін «зілдей» деп айтылатын. Сұлудың жанына жалғыздықтың қандай салмақ түсіретінін осыдан аңғарамыз. Ақын оқырманының көз алдына осыны елестету үшін теңеу жасаған.

Ақынның сөз қолданудағы тағы бір шеберлігі – үстемелеуді қолдануы. Ол – поэзияда әсерді арттыру үшін қолданылатын тәсіл. Бұл ұтымды тәсілді Қалқаман Сарин өлеңінен кездестіре аламыз, мәселен:

«Сұлулықта өкініш бар, өксік бар,  
Жалғыздықта қорқыныш бар, құдік бар» [2].

Ақын «Өкініш бар» деп қоя салмайды, сұлулық қасіретін жеріне жеткізу үшін және «өксік бар» дегенді қолданады. Адам үшін жалғыздық қашан да қорқынышты. Ал Қалқаман ақын сол қорқынышқа «құдікті» әкеліп үстемелейді. Бұл әдіс – өлеңнің өрісін кенейтетін шеберлік.

Теңеуге байланысты маңызды мәселелердің бірі – оның семантикалық құрылымында. Теңеулік конструкция бірнеше мүшелі болып келеді. Теңеудің бұл қасиеті оны басқа троптардан ерекшелендіреді. Бұл теңеудің бүкіл болмысының бейнелілік сипатының, эмоционалды-экспрессивтік сапасының, көркемдік ерекшелігінің предметті-логикалық негіздерінің, ассоциациялық мүмкіндіктерінің, стилінің, поэтикалық табиғатының айқын көрсеткіші болып табылады.

Корыта келгенде, Қ. Сарин поэзиялық шығармаларында теңеу жасаудың синтетикалық тәсілін -*дай,-дей; -тай,-тей* жүрнақтары арқылы болатын түрін жиі қолданған. Бұл қосымша түрлерінің тілдік табиғаты құрделі. Бірақ басты назарға алатынымыз – бұл жүрнақтың теңеу жасаудағы қызыметі болмақ. Қаламгер бұл жүрнақтарды қөбінесе зат есімдерге жалғау арқылы теңеу жасаған. Теңеу жасауда екінші бір синтетикалық тұлға – *-ша; -ше* жүрнағы. Қазақ тіліндегі *-ша; -ше* жүрнағы салыстыру мағынасын білдіруде *-дай,-дей; -тай,-тей* жүрнақтарымен синонимдес болады. Ақын шығармаларында *-дай,-дей; -тай,-тей* жүрнақтарындағы өте жиі қолданбағанымен, *-ша; -ше* жүрнағы арқылы жасалған теңеулердің небір әсем түрлерін тудырған. Теңеудің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуына *сияқты, секілді, тәрізді, сынды, т.б.* септеуліктер негіз болады. Бұл тәсілде теңеу септеуліктер мен көмекші сөздер арқылы жасалады. Автор теңеу жасауда синтаксистік тәсілді де қолданған. Синтаксистік тәсілде теңеу жасауға толық мағыналы сөздер қатысады. Мұндай сөздер қатарына *теңеу, балау, ұқсау, құсау, құсату* сияқты лексикалық мағыналарында салыстыру ұғымы бар тілдік бірліктер жатады.

Қазақ халқының рухани жан-жақты дамуына, ұлттық ерекшелікке, ұлттық болмысқа өз шығармаларымен зор үлес қосқан ақын-жазушыларымыздың туындыларын тілдік түрғыда зерттеп, олардың қаламына іліккен, қаламынан туған көркемсөз ұлғілерін талдап, таразылап, анықтау – қазіргі кезде ең өзекті мәселе. Олай дейтініміз, ана тіліміздің сөз құдіретінен нәр алған әр қаламгер заман озған сайын тілдік қолданыстарды құлпыртып, жаңғыртып, жаңартып қолдану арқылы тіліміздің сөздік қорын байытып, молайтады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Болғанбайұлы Ә. Синонимдер сөздігі. – Алматы, 2001.
- 2 Сарин Қ. Құс жолындағы керуен. – Астана: Профи Медиа, 2014. – 144 б.
- 3 Құнанбайұлы А. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1998. – 48 б.
- 4 Энциклопедия. /Бас редакторы Б.Ә. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
- 5 Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манаасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы: Жоғары оқу орындарының филологиялық факультетті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 1974. – 190 б.



- 6 Мақатаев М. Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар. Құраст. Айдарова Б. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 б.

## РЕЗЮМЕ

В данной статье анализируются стихи современного казахского поэта К. Сарина с лингвистической точки зрения.

## RESUME

The author of this article analyses the verses of the modern Kazakh poet K. Sarin from a linguistic point of view.



УДК 82.0

### Аннотация

В статье представлен анализ двух типов художественной антропологии в русской прозе. Автор утверждает, что в русской прозе существуют два типа литературно-художественной антропологии. Первый – это собственно антропоморфный тип литературно-художественной антропологии, которую довели до совершенства еще Л.Н.Толстой и Ф.М.Достоевский. Второй тип художественной антропологии – это антропоморфно-онтологический тип, который сформировался в прозе А.Белого и А.Платонова.

*Ключевые слова:* художественная антропология, антропоморфно-онтологическая поэтика, Андрей Белый, роман «Петербург», А.Платонов, роман «Чевенгур».

**С.О. Муминов**

Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
канд. пед. наук, доцент

## О типах художественной антропологии в русской прозе

Как известно, человек изучается в различных областях антропологии: философской, теологической, биологической, социальной, психологической, педагогической, исторической. В целом антропология – это «область научного познания, в рамках которой изучаются фундаментальные проблемы существования человека в природной и искусственной среде» [1, с. 37]. Но человек исследуется не только наукой, но также искусством, и в частности, художественной литературой. Литературно-художественная антропология основана на изображении человека в произведении. Кроме того, социально-общественные отношения, в которые вступает человек в течение своей жизни, также являются объектом изображения и изучения в художественной литературе. В современном литературоведении формы присутствия человека и реалий его жизни в литературном произведении получили определение художественной антропологии (В.В. Савельева) [2], поэтической антропологии (В.П. Зинченко) [3], антропологической поэтики (Г.З. Каганов) [4]. Наиболее распространное определение – «художественная антропология». Все перечисленные подходы объединяет стремление изучать литературу как художественную антропологию, объектом которой являются вопросы, связанные с предназначением



человека, его ролью в мире. В качестве предмета литературно-художественной антропологии выступают также духовные, телесные, поведенческие и мировоззренческие свойства человека.

Именно в психологической прозе реализма литературно-художественная антропология последовательно воплощается в миметических формах. В XIX веке в европейской литературе постепенно сформировался особый тип романа – реалистический, в центр его художественного мира выдвинута система антропоморфных персонажей, которых было принято наделять мировоззренческими, психологическими и внешними характеристиками. Сюжет этого типа европейского романа строился на последовательном изображении детерминированного развития характеров и мировоззрения литературных героев. В художественной литературе реализма окончательно сформировался в своих основных чертах антропоцентрический роман, настойчиво изображавший человека в его многосторонних связях с действительностью. В творчестве таких великих романистов, как Диккенс, Теккерей, Флобер, Стендаль, Бальзак, Тургенев, Гончаров, Лесков и других, жанр антропоцентрического романа, в художественном мире которого безраздельно господствовал антропоморфный персонаж, достиг своего высокого эстетического и философского уровня. Два наиболее выдающихся русских писателя второй половины XIX века – Ф.М. Достоевский и Л.Н. Толстой – довели до высочайшего совершенства реалистический человековедческий роман, главная черта которого – последовательный антропоцентризм. Учитывая специфику художественного мышления двух великих романистов, нужно помнить и о том, что их многое сближает, и, прежде всего, антропоцентричность их романов. Г.Б. Курляндская считает, что эти классики русской романистики «стремятся к выявлению единых общих законов, управляющих частной и общественной жизнью людей, обращаются к универсальным нравственным связям, которые раскрываются ими через взаимоотношения персонажей, осознающих свою духовную сущность» [5, с.246]. С.Г. Бочаров также сближает творчество Достоевского и Толстого. Близки названные писатели как создатели детализированного художественного психологизма. С.Г. Бочаров констатирует, что «свою всемирную роль русская литература, особенно в лице Толстого и Достоевского, завоевала именно через психологический анализ, диалектику души» [6, с.428]. А.И. Белецкий полагал, что Достоевский и Толстой использовали сходные художественные приемы изображения литературных персонажей. «Как создатель типических фигур, Гоголь творит, подбирая к одной тематической черте создаваемого лица другие, ее подчеркивающие и усиливающие ...». У Достоевского и Толстого, наоборот «Вместо статического изображения лиц – динамическое; вместо типических фигур – типы душевных переживаний ...» [7, с. 72]. Если продолжить развивать тему сходства поэтик Достоевского и Толстого, следует упомянуть, что в их романах представлены самые различные художественные средства, необходимые для воссоздания многосторонней антропологической осуществленности литературных героев. Среди них психологический анализ; предыстория персонажей, их биографическая история; финальная исчерпанность развития образов действующих лиц; разнообразные типы характерологически направленных портретов, подробно рисующих визуально-скulptурную и внутреннюю данность персонажей; их монологи, в том числе и внутренние; диалоги и др. Художественное пространство в романах Достоевского и Толстого необходимо для создания реалистического внешнего фона, на котором разворачивается движение сюжета и осуществляется эволюция ключевых литературных героев. Различные компоненты художественного пространства (от глобальных до камерных) служат достоверному и правдоподобному изображению жизни и характера действующих лиц.

Господство антропологического романа с его апологией целостного образа человека не могло продолжаться долго, так как художественная литература всегда в развитии, поэтому постоянно меняются формы изображения действительности и человека.



Немаловажное обстоятельство, побуждавшее последующие поколения писателей к обновлению романической формы, заключалось в том, что ресурсы антропологической поэтики оказались исчерпанными в творчестве Достоевского и Толстого. Вот почему «к концу XIX века становится явственной неудовлетворенность литературно-психологическими канонами, начинаются поиски какой-то еще неопределенной новой адекватности жизни. Появилось стремление уловить за привычной видимостью некую подлинную фактуру существования, скрытую постепенно отстоявшимися формами», — писала Л.Я. Гинзбург [8, с. 118].

Надо сказать, что уже в творчестве Толстого намечается его отход от антропологической поэтики. Так, в романе «Анна Каренина» наблюдается отказ от подробного психологизма, обращение к ресурсам художественной символики пейзажей и снов. Б.М. Эйхенбаум отмечал: «Разница между «Войной и миром» и «Анной Карениной» видна и на этом примере. Сны Анны и Вронского — это уже не те психологические сны, которые описаны в «Войне и мире» и художественное значение которых не выходило за пределы «диалектики души» [9, с. 187]. Сны Анны и Вронского ученый определил как аллегорические. Но эта тенденция не разрушила антропоморфную поэтику, поскольку в целом в творчестве Толстого ярко выражена эстетика, для которой было характерно стремление к многостороннему реалистическому изображению персонажей.

Наиболее значительная реформа антропологической эстетики произошла в творчестве А.П. Чехова. «Еще Чехов отказался от пространных описаний быта, среды, обстановки, портрета и биографии действующих лиц, от замедленной экспозиции, фабульной завершенности и разъяснительных эпилогов», — констатирует Л.В. Крутикова [10, с. 195]. Таким образом, Чехова можно считать предтечей новой литературной эстетики, так как этот великий реформатор жанра рассказа и повести отказался от наиболее распространенных в русской прозе XIX века художественных приемов. Литературно-художественной антропологии Чехова присущ лаконизм. Чехов весьма экономно пишет своих персонажей.

Кризис антропологического романа с его развернутой литературно-художественной антропологией в начале XX века привел к тому, что это время «воспринималось критикой как безроманное время» [11, с. 97]. «...безроманность» свидетельствовала не только о полном исчезновении или вырождении романа, а о том, что данный жанр перестал привлекать внимание крупнейших литераторов и был как бы вытеснен на периферию», — пишет К.Д. Муратова [11, с. 97]. Другой причиной, приведшей к кризису антропологического романа XIX века, стал уход в прошлое прежней эпохи, для которой была характерна относительная стабильность и благополучность. Но надвигалось время негативных глобальных общественных и исторических изменений. Человечество вступало в XX век и ему предстояло пережить революции, гражданские и две мировые войны. Глобальный онтологический кризис на рубеже XIX и XX столетий получил в европейской философии следующие определения: «новое средневековье» (Н.А. Бердяев), «апокалипсис нашего времени» (В. В. Розанов), «закат Европы» (О. Шпенглер). Изменяющееся качество бытия и человека привело к кардинальной реформе литературно-художественной антропологии. Б.А. Грифцов писал: «Эпохи, когда расцветает роман, никогда не бывают завершением или даже естественным продолжением эпох нероманических ... Между той и другой эпохой должна лечь катастрофа, существенно меняющая строй душевный» [12, с. 78].

Среди русских писателей, придавших жанру романа второе дыхание, следует назвать, в первую очередь, Андрея Белого. В его романе «Петербург» происходит становление новой поэтики. Обозначим ее термином «онтологическая поэтика», имея в виду заметную и намеренную редукцию литературно-художественной антропологии и активность онтологических образов. Развернутые визуальные характеристики персонажей, четкая скульптурная данность героев, что было характерно для



реалистического романа XIX века, заменяются в романе Андрея Белого противоположными художественными принципами. Здесь уже нет традиционной для классического русского романа развернутой, детализированной, выдержанной в реалистической манере портретной живописи. В «Петербурге» доминируют краткие зарисовки, объектом которых являются отдельные черты внешности героя. Андрей Белый акцентирует лишь определенные черты внешности персонажей. Даже первостепенные персонажи не наделяются писателем развернутой иконикой. Внешность второстепенных персонажей часто вообще не описывается, отмечается их примерный возраст, действие, совершающееся им в момент художественной презентации. В художественном мире «Петербурга» воссозданы «невизуальные» персонажи, которые замещают традиционных для реалистического романа XIX века антропоморфных литературных героев. В качестве заместителей персонажей Андреем Белым привлекаются реплика, монолог, диалог или даже предметы и вещи. В романе «Петербург» наблюдается распад антропологической многосторонней целостности персонажей (кстати, и без того значительно редуцированной), которая взаимодействует и пересекается с онтологически осмыслившими элементами художественного пространства и предметного мира. Происходит уподобление человека миру природы. Андрей Белый активно использует и противоположный прием – олицетворение онтологических образов. Оба художественных приема ведут к редукции визуально-психологической данности литературных героев.

Белый активно использует зоологизацию, которая, как известно, основана на прямом или косвенном уподоблении литературных персонажей животным или птицам, что также способствует разрушению антропоморфного облика действующих лиц. Зоологизация в романе «Петербург» имеет массовый характер (сравнению с животными подвергается практически каждый заметный литературный персонаж), а также ярко выраженную сатирическую направленность, посредством ее манифестируется распад антропологической данности человека, утрата им природной суверенности и высокого назначения. Андрей Белый с помощью зоологических параллелей настойчиво акцентирует связь своих литературных героев с животным миром с целью подчеркнуть темные и низменные стороны человеческой натуры. Белый активно, практически на каждой странице своего романа, применял метонимию для разрушения антропоморфных признаков персонажей. Метонимически изображенные литературные персонажи, естественно, теряют при этом правдоподобную визуальность, которая характерна для поэтики классического реалистического романа.

Редукция художественной антропологии в «Петербурге» связана также с онтологическими представлениями писателя. Андрей Белый рассматривает бытие как источник дисгармонии и хаоса. Человек,брошенный в поток бытия, слаб и беспомощен. В романе «Петербург» практически отсутствуют привычные для классической реалистической прозы XIX в. подробные истории духовно-нравственного становления первостепенных литературных героев. Главные персонажи «Петербурга» не имеют развернутой и детализированной биографии. Уместно в этой связи сказать, что персонажи романа Белого являются конструкциями, схемами, лишенными живой плоти и правдоподобия в отличие от полнокровных литературных героев Достоевского и Толстого.

Эманципация художественного пространства в романе «Петербург» также способствует редукции антропологического начала и усилию онтологических образов, которые гораздо активнее, чем в классическом реалистическом романе, привлекаются для воплощения характерологии персонажей. Отметим еще один существенный признак хронотопа в романе Белого. Художественное пространство в «Петербурге» тяготеет к символизации, в отличие от развернутых, реалистично изображенных фрагментов внешнего мира, что характерно для классической романистики. Символизация онтологических образов необходима в тексте романа для того, чтобы настойчиво



манифестирует самостоятельность бытия, его семантическую самодостаточность. В романе «Петербург» наблюдается последовательный синтез настоящего и прошлого. Если в классическом реалистическом романе существовала четкая граница между настоящим и прошлым, причем приоритет, как правило, отдавался настоящему, в рамках которого происходило духовно-нравственное становление основных литературных героев, то онтологическая эстетика Белого синтезирует прошлое и настоящее, и прошлое интерпретируется как значительный этап в жизни персонажей. Заметно, что в художественном мире романа «Петербург» пространственные и временные образы обладают высоким художественно-смысловым статусом, своей активностью значительно усиливают онтологическую сферу и серьезно ослабляют антропологическое начало. В художественном мире «Петербурга» онтологические образы России, её столицы, Востока, Запада, бескрайних пространств, космоса явно доминируют над литературными персонажами.

Андрей Белый строит качественно новый сюжет в «Петербурге», который идеально подходит для воплощения новой литературно-художественной антропологии. Вспомним, что сюжет реалистического романа XIX века является прежде всего формой развития системы литературных персонажей. Сюжет «Петербурга», наоборот, предельно концентрирован, лаконичен (сложившиеся герои, редуцированные антропоморфные признаки персонажей, сокращенные или даже отсутствующие биографические истории) и онтологически акцентирован, так как на первый план выдвигаются онтологические образы, темы и мотивы. В романе «Петербург» нет места развернутой литературно-художественной антропологии с ее пафосом настойчивого утверждения смысла человеческого существования, что было принято в русском классическом романе. Таким образом, литературно-эстетическая стратегия автора «Петербурга» заключается в системной художественно-смысловой актуализации категории онтологического, вытеснении на второй план системы литературных персонажей с их существенно редуцированными антропоморфными и психологическими характеристиками.

Помимо Белого, активно реформировал литературно-художественную антропологию А.П. Платонов. Поэтики романов «Петербург» и «Чевенгур» имеют сходные черты. В художественном мире «Чевенгура» очень активны онтологические образы, литературные персонажи лишены полнокровности и представляют собой схемы. «Удивительны герои Платонова. Они словно из стекла: силуэты, контуры, которым недостает «плоти», например, внешности, портретов; их трудно представить воочию» [13, с. 7]. Разрушение антропологической сферы также сближает эти два романа. В «Петербурге», как уже было сказано выше, метонимия является главным художественным приемом писателя. Метонимия способствует разрушению антропоморфного облика персонажей. В романе «Чевенгур» имеет место редукция достоверно воссозданных реалий общественной жизни и усиление условного плана, который выступает основным источником редукции антропологического начала. А. Платонов, как и Белый, показывает своих персонажей включенными не только в объективную реальность, но и в сферу альтернативного мира снов, мечтаний и грез. Характерно, что действие «Чевенгура» разворачивается не только в рамках настоящего времени, но и в прошлом, его персонажи руководствуются не только осознанными, но и часто смутными, неопределенными мотивами, они пребывают на границе двух миров: реального и ирреального. Белый и Платонов смогли в своих романах отразить изменившиеся в начале XX в. представления о человеке. Если русский реализм достаточно высоко оценивал человека и манифестирувал его в качестве субъекта жизнеустройства, то герои Белого и Платонова в подавляющем большинстве своем – пассивные объекты давления бытия. Это обстоятельство нашло выражение в распавшейся телесности персонажей «Петербурга» и «Чевенгура». Их действующие лица растворились среди активных онтологических образов. Вброшенные в поток бытия литературные герои Белого и Платонова явно не способны осуществлять роль субъектов жизнестроительства.



Таким образом, в русской прозе в первой трети XX в. существовали два типа литературно-художественной антропологии: собственно антропоморфный тип и сложившийся в романах «Петербург» и «Чевенгур» синтетический антропоморфно-онтологический тип. Процесс модернизации литературно-эстетических приемов изображения человека, заданный Андреем Белым, продолжается в русском постмодернизме. Постмодернистская антропология близка поэтике «Петербурга», но это тема уже другого исследования.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Культурология. ХХ век. Словарь. – СПб.: Университетская книга, 1997. – С. 37.
- 2 Савельева В.В. Художественная антропология. – Алматы, 1999. – 281 с.
- 3 Зинченко В.П. Возможна ли поэтическая антропология? – М.: Изд – во Рос. открытого ун-та, 1994. – 44 с.
- 4 Каганов Г.З. К поэтике обитаемого пространства // Человек. – 1995. – № 4. – С. 37–52.
- 5 Курляндская Г.Б. Нравственный идеал героев Л.Н. Толстого и Ф.М. Достоевского. – М.: Просвещение, 1988. – С. 246.
- 6 Бочаров С.Г. Характеры и обстоятельства//Теория литературы. Основные проблемы в историческом освещении. Образ, метод, характер. – М.: Изд – во АН СССР, 1962. – С. 428.
- 7 Белецкий А.И. Создание лиц // Белецкий А.И. В мастерской художника слова. – М.: Высшая школа, 1989. – С. 72.
- 8 Гинзбург Л.Я. Литература в поисках реальности // Вопросы литературы. 1986. – № 2. – С. 118.
- 9 Эйхенбаум Б. М. Лев Толстой. Семидесятые годы. – Л.: Худож. лит., Ленингр. отд., 1974. – С. 187.
- 10 Крутикова Л.В. Реалистическая проза 1910-х годов (Рассказ и повесть)// Судьбы русского реализма начала XX века/ Под ред. К.Д. Муратовой. – Л.: Наука, Ленингр. отд., 1972. – С. 195.
- 11 Муратова К.Д. Роман 1910-х годов. Семейные хроники// Судьбы русского реализма начала XX века / Под ред. К.Д. Муратовой. – Л.: Наука, Ленингр. отд., 1972. – С. 97.
- 12 Грифцов Б.А. Психология писателя. – М.: Худож. лит., 1988. – С.78.
- 13 Яблоков Е.А. Безвыходное небо// Платонов А.П. Чевенгур: Роман/ Сост., вступ. ст., comment. Е.А. Яблокова. – М.: Высшая школа, 1991. – С. 7.

## ТҮЙИН

Мақалада көркем әдебиет антропологиясының орыс прозасындағы еki негізгі талдауы берілген. Көркем әдебиет антропологиясындағы антропоморфты титпіті жетілдіруге үлес қосқан Л. Толстой мен Ф. Достоевский. Көркем әдебиет антропологиясының екінші бір типі - антропоморфно - онтологиялық тип, бұл тип А. Белый мен А. Платоновтың еңбектерінде қалыптасқан.

## RESUME

The article presents the analysis of the two major types of artistic anthropology in the Russian prose. Actually the anthropomorphic types of literary anthropologists have perfected Tolstoy and Dostoyevsky. The second type of artistic anthropology is an anthropomorphic-ontological type, which is formed in the prose of A. Bely and A. Platonov.



### Аннотация

Мақалада қазақ тіліндегі конверсияның қарастырылу бағыты мен танымдық теориялық жақтан сипатталуы туралы түсінік жасалады. Қазақ тілінде конверсияға сөзжасамдық тұрғыдан, шетелдік зерттеулер арқылы саралау берген ғалым Ж.Сарбалаевтың конверсия туралы көзқарасына талдау жасалады.

*Түйін сөздер:* конверсия, лексикалық-семантикалық тәсіл, категория, мағына, метафора, тілдік факторлар.

## Ы.Б. Шақаман

Павлодар мемлекеттік педагогтік университеті, филол. ғыл. канд., профессор

## Конверсияның зерттелуі

Конверсия мәселесі осы атальным тұрғысында қазақ тілінде нақты зерттеу нысаны болған емес. Бірақ бұл туралы алғашқы түсінік грамматикада (сөзжасам-морфология, синтаксис) айтыла бастады. Конверсия сөз мағынасының кеңейіп не тарылып, бір категориядан екінші категорияға ауысу түрі болып табылады. Сондықтан конверсия лексикалық семантикалық тәсіл арқылы ажыратылатын сөз жасаудың бір жолы ретінде танылады. Алайда сөзжасам саласында конверсия нақты зерттеуге алынып қаралмайды, себебі сөздердің түбір күйінде, еш жүрнақсыз мағыналық өзгеріске түсіп, бір-біріне ауысуының лексикалық семантикалық тәсілмен түсіндіріліп кетуінде болса керек. Сондай-ақ А.Ысқақов, Н.Оралбай [2, 3] конверсияны осы тәсілмен берген.

Анықтамалық еңбекте: «... Конверсия тәсілі арқылы жаңа мағына алып, жаңа сөз жасау ең көнеден келе жатқан, кезінде өте өлишемді тәсіл болған лексика-семантикалық сөзжасам амалы. Конверсия – зат есім мен етістік, зат есім мен сын есім, сан есім мен үстеген арасында үзілмей болып отыратын табиги тілдік процесс. ... конверсияның ішкі семантикасында перифериялық өрісте себепші түбірдің не негіздің мағынасы сақталады да, себепші негіз берен жаңа номинативті атаудың арасында мағыналық сабактастық, текстестік, түбірлестік сақталады. Конверсиялық сөзжасам нәтижесінде пайда болған жаңа денонттық мағына тек басқа сөзben тіркескенде немесе контексте өзінің толық мағыналық, қалыбымен айқындалады. Сөздің морфология парадигмасы арқылы оның қай сөз табына жарататыны көрінеді» [1] делінген.



А.Салқынбай, Е.Абақан сөздігінде конверсияның тар мағынасы мен кең мағынасындағы қызметі көрсетіледі: «*Тар мағынасында конверсия деп бастапқы және жаңадан пайды болған сөздің тұлғалық толық сәйкестігін атайды. Ал кең мағынада конверсия дегеніміз тек қана негіздердің тура келуі. Конверсияны номинализацияның (атаудың) бір құралы деп қарастыруға болды...»* [4, 108]. Анықтамаларда қазақ тіліндегі конверсия сөздердің түбір күйінде мағыналық өзгеріске түсіп, жаңа ұғымдағы атауға айналуымен түсіндірледі. Жалпы тіл білімінде де конверсияға берілген анықтама осы түргыда.

Қазақ тілінде конверсия туралы тұжырымдар тілшілер еңбегінде кездеспейді. Қазақ тілінде сөздердің ауысымдығы туралы алғашқы түсінік С.Аманжолов еңбегінде «конверсия» деген атаумен емес, «*Сөйлем мұшесі боларда сөз таптары әуелгі қалпын сақтай алмай, тікелей ауысып отыратынын да білеміз.* Зат есім бірде зат, бірде сын есім болатыны анық қой.

Мысалы: «*Темір – зат, «темір жүрек» – сын есім орнында, – деп жалпылама айтылады* [5, 56].

Зерттеушінің бәрі конверсия сипатын жалпы тіл білімінде қалыптасқан пікірмен береді. Бұны Ж.Сарбалаевтың зерттеулерінен байқаймыз. Оның қазақ тіліндегі конверсияның зерттелуі туралы пікірі ойымызben орайлас: «*Конверсиялық тәсіл бойынша сөз тудыру мәселесі жалпы лингвистикада, әсіресе европа тіл білімінде көп зерттелген, басы ашиқ, шешімін тапқан проблемалардың қатарына жатса, түркологияда аталған тәсіл кеши қозғалған тақырыптардың бірі болып табылады. Бұл салада байланысты алғашқы зерттеу мақалалар, біздің байқауымызша, өткен гасырдың 70-жылдарынан бастап жарық көре бастады. Содан бері түркологияда тілдің сөзжасам жүйесінде өзінің көнелілігімен, орнымен, лексикалық-грамматикалық өзгешеліктерімен айрықшаланатын бұл тәсілдің сипатын, қыры мен сырын зерделеген бірсыныра еңбектер баспа бетін көрді. Олардың ішінде А.Юлдашевтің, А.Ганиевтің, А.Джафаровтың, А.Павловтың зерттеулері өздерінің танымдық тереңдігімен, проблемалық сипатының өткірлігімен ерекшеленетінін атап өткен жөн» [6, 82] - деп бір тұжырымдаса, қазақ тіліндегі конверсиялық зерттеуді: «*қазақ тіл білімінде «конверсиялық процесс» деп аталмаса да, сөз таптарының бір-біріне ауысуы, оның сөзжасамға қатыстылығы туралы біраз пікірлер айтылды. Бұл мәселе негізінен, А.Ысқақовтың жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Қазіргі казақ тілі» (1974, 1990.), 1967 жылдың жарық көрген академиялық «Қазақ тілінің грамматикасында да», (А.Ысқақов), 1989 жылдың шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» (Н.Оралбаева, 1989) атты кітапта да әңгіме өзегі болады» - деп сипаттайды [6, 27].**

Ғалым Ж.Сарбалаев сөз таптарының ауысу үдерісін конверсиялық үдеріс, конверсиялану деп анықтап, лексикалық-семантикалық тәсілді жалпы тіл білімінде конверсиялық сөз туғызу тәсілі деп аталатынын жеткізеді. Конверсияның тіл білімінде бұрыннан қарастырылып жатқанын, роман-герман зерттеулерінде конверсия сипаты, оның сөз туғызу жүйесіндегі орны толық қарастырылатынын айтып, кей зерттеуде конверсия мәселесінің белгілі бір қыры шешімін тапқан деп көрсетеді. Оған ғалымдардың еңбектерінен дәлел келтіреді. Конверсия құбылысына «субстантивация, адъективация, прономинализация», т.б. түрлері енетінін ескерtedі. Жалпы тіл ғылымы ғалымдарының конверсия туралы пікірлерінде бірізділік жоғын айтады: Ш.Балли, Л.Соколова – конверсияны *транспозициялық құбылыс*; Л.Тренье – *трансляциялық құбылыс*; Е.А.Курилович – *синтаксистік/морфологиялық деривация нәтижесі*; Е.А.Раевская, Н.Б.Гвичани – *көп функциялық құбылыс*; кеңес ғалымдары А.И.Смирницкий, Н.А.Тихонов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Каламова, Б.Б.Орзебаева, Ф.Н.Ганиев, А.А.Юлдашев, С.А.Беглярова – конверсия деп атаған. Бірақ осылардың бәрінде де конверсия туралы мазмұндық пікір бірдей. Түркологиядағы конверсия туралы Ж.Сарбалаев екі көзқарас барын жазады: 1) Э.В.Севортянның көзқарасы: түркі тілдерінде конверсия ағылшын тіліндегі сияқты сөз туғызу қызметі жоғын айтып, синкетизмнің лексикалық-морфологиялық көрінісі деп негіздейтінін айтқан. 2) Н.К.Дмитриев,



А.Н.Кононов, А.А.Юлдашев, Ф.Г.Ганиев, т.б. кеөзқарасы: *конверсия түркі тілдеріне де тән*. Ж. Сарбалаев өзі 2-көзқарасты қолдайтынын білдіріп, қазақ тіліндегі конверсия мәселесіне қатысты 2 түрі барын айтады: 1) толық немесе түпкілікті ауысу; тілдің даму барысында басқа сөз табына біржола ауысқан сөздер сол сөз табының категориялы мағынасы мен грамматикалық ерекшеліктерін қабылдан, тұрақталады. «Адъективация, субстантивация, адвербиализация, вербализация және т.б. ұдерістер» сын есім, зат есім, ұстей, етістік, т.б. сөз табының кеңею жолы болып табылады. Ғалым тарапынан сөз таптарының пайда болуы мен қалыптасып дамуында конверсияның тарихи маңызы бар деген басымдық беріледі. 2) жарым-жартылай немесе толымсыз ауысу. Ғалым бұл ауысуда сөздердің синтаксистік қызметінің маңыздылығын айтады. Тілде «аралық» категория қалыптасып, сол «аралық» категорияда бірнеше мағына, екі-үш сөз табының мағынасы беріліп, сөйлемде түрлі сол сөз табының синтаксистік қызметін атқарады.

Ғалым сөзжасамдық мәселенің бірі болып табылатын конверсия ұдерісін лексикалық-семнатикалық тәсілмен байланыстыра қарап, лексика мен грамматикаға қатысты талдап, мәні мен қызметін танытуға тырысады. Осыған байланысты бірнеше тұжырым ұсынады: 1. Лексика-грамматикалық тәсіл полисемантизм сөздердің мағыналық дамуынан, омонимдес сөздерге жіктелуінен анықталады. 2. Конверсия лексика-семантикалық тәсіл аясын кеңейтеді. 3. Сөздердің қызметі өзгереді. 4. Конверсиямен жаңа лексема пайда болып, жеке реестрге енеді. Ж. Сарбалаев сөздердің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуына ықпал болатын үш факторға: 1) лексикалық-семантикалық фактор; 2) морфологиялық фактор; 3) синтаксистік факторды жатқызады. Үш ықпалды көрсетуде Ж.Сарбалаев конверсияға сөздердің уақытша синтаксистік қызметтік өзгерісін басым етеді. Мәселен, «Құрделі сөз тұлғаларының адъективациялануы» мақаласында адъективация ұдерісіне дара сөздер ғана емес, құрделі сөздер де қатыстырылған. Құрделі сөзді сындануға метафорланған жел аяқ, жел сөз, көрсе қызар, шала жансар, ұр да жық, әпер бақан, қуыс кеуде, қырма сақал, қоян жүрек, қошқар тұмсық, қамыс құлақ, төртбақ, көнетоз, көзге тұрткі, жарымжсан, от ауыз, тоңның ішкі бауындей, түйе үстінен сирақ үйткен, қырып сал, жандайшап, тас бауыр, без бүйрек, тісқақшан, жанашыр, жатып атар, бау кеспе деген тұрақты тіркесті, біріккен сөздері аталған. Мұнда «құрделі сөз тұлғаларының адъективациялануында лексика-грамматикалық тәсіл, яғни конверсиялық тәсіл атқаратынын» айтып [6, 118], осылардың сын есім болып қалыптасуына олардың атрибутивтік, анықтауыш қызметте тұрақты қолдануымен байланыстырады. Зерттеуші сынданған құрделі сөз тұлға сыңарының синтаксистік тәсілдегі құрделі сын есімдерден 2 айырмашылығын көрсетеді: 1) *сынданған құрделі сөз тұлға сыңары орны тұрақты болады, басқа сөзбен ауыстыруға келмейтіні;* 2) *сынданған құрделі сөз тұлға сыңары бастапқы мағынасынан толығымен не жартылай айырылады: от ауыз, бау кеспе, тас бауыр, тоңның ішкі бауындей, жел өкпе, жез таңдай (мағынасы тұмас ауысқан идиомалы тіркестер); жарымжсан, жалаңаш, көнетоз, баскесер, көңілі тұзу, жібі тұзу, т.б.(мағынасы жартылай ауысқан адъективті құрделі тұлғалар).* Ғалымның ұтымды пікірінің бірі – адъективтенген, атрибутив құрделі сөз тұлғалары алдымен адам баласына тән мінез-құлық қасиетін білдіруден тұғандығын дәлелдеп көрсетуі: ала аяқ – қу, көк езу – мылжың, жел өкпе – жеңілтек, жез таңдай – шешен, көк желке – еріншек, ит жанды – көнтерлі [6, 130]. Бірақ зерттеуші конверсиялануға құрделі тұрақты тіркесті (идиомаланған, фразалық) сөздерді жатқызуда олардың метафоралануы басым болатынына, лексикалық негізгі ұғымы өзгермейтініне көніл бөлмеген. Олардың сындық қызметі уақытша, шартты екені қаралмаған. Олар толық адъективтенген сөздер емес, метафоралы мәндегі, уақытша тіркесуден болған анықтауыш қызметіндегі сөздер болып табылады. Ал конверсия бойынша сөздер толығымен бір сөз табынан екінші сөз табына ауысып, сол сөз табының грамматикалық белгілерін қабылдауы тиіс.

«Адвербиализация туралы» мақаласында адвербиалдану конверсияның өнімдісі деп беріліп, «әрен, жақсы, жылдам, көп, аз, қатты, ескіше, жаңаша, шикілей сөздерінің сын



